

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2355. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Агенттік" деген сөз "Комитеті" деген сөзбен, "Кедендік бақылау" деген сөз "Қаржы министрлігі" деген сөзбен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің 2007.07.12 N 188 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 264 , 363 , 376 , 378 , 379 және 382 -баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Тауарлар және көлік құралдарын декларациялау ережесі;
- 2) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005.08.12 N 188 Бұйрығымен.)

3) Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен өткізу кезінде жолаушылардың кеден декларациясын ресімдеу ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 23 мамырдағы N 199 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бір ай өткен соң күшіне енеді), 2005.08.12. N 302 (бұйрық ресми жарияланған күннен он күн өткеннен кейін күшіне енеді) б ұ й р ы ғ ы м е н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Б.Т. Әбдішевке жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің 2007.07.12 N 188 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Тауарлар мен көлік құралдарын
декларациялау туралы" Қазақстан
Республикасының Кедендік
бақылау комитеті төрағасының
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 219 бұйрығымен бекітілген

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесі

Ескерту: Ереже жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 23 мамырдағы N 199 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бір ай өткен соң күшіне енеді) .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 378 және 379-баптарына сәйкес әзірленді және жүк кедендік декларацияның (бұдан әрі - ЖКД) нысанын, толтыру тәртібін және таңдап алынған кеден режимдерінің шеңберінде декларациялау кезінде кеден мақсаттары үшін ЖКД-да мәлімделген мәліметтердің тізбесін айқындайды. Қараңыз.К100296

2. Кеден кодексінің 373-бабына сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органына декларацияланады.

3. Кеден кодексінің 275 , 288-баптарымен көзделген тауарларды өткізу жағдайларын қоспағанда Кеден кодексінің 379-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңды тұлғалар өткізетін оларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайтын, кедендік құны тоқсан айлық есептік көрсеткішке балама сомадан аз болатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден органына белгіленген үлгіге сәйкес жасалған (1-қосымша) беру және кеден органының лауазымды адамы қатаң есептілік бланкісі

болып табылатын кедендік кіріс ордерін ресімдеу жолымен жазбаша нысанда декларацияланады. Қараңыз.К100296

4. Осы Ережеде мынадай мәндердегі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жөнелтуші - кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізуге тасымалдаушы міндетті болатын, ол туралы көліктік құжаттарда мәліметтер көрсетілген, өз атынан тауар қабылдайтын тұлға, ал тауарлардың кеден режимі өзгерген жағдайда - оған сәйкес мұндай тауарлар бұрын мәлімделгеннің алдындағы кеден режиміне орналастырылған ЖКД-ның 2-бағанында мәліметтер көрсетілген тұлға;

2) алушы - оған өздері жасасқан шартқа сәйкес жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы өзі тасымалдаған олар туралы мәліметтер көліктік құжаттарда көрсетілетін тауарларды беруі тиіс болатын тауарларды өз атынан қабылдап алушы тұлға, ал тауарлардың кеден режимі өзгерген жағдайда - ЖКД-ны беру сәтінде олар кедендік ресімделгеннен кейін мәлімделген кеден режимінің шарттарына сәйкес декларацияланған тауарларды өзінің иелігіне, пайдалануына және (немесе) билігіне өз атынан алу өкілеттіктеріне құқығы бар т ұ л ғ а ;

3) декларанттың өкілі - декларанттың атынан декларанттың штатында тұрған және декларант басшысы қол қоятын тиісті бұйрық шығару арқылы, сондай-ақ лайықты дәрежеде ресімделген сенімхаттың негізінде декларант белгілейтін тауарларды декларациялау бойынша тікелей әрекет жасайтын тұлға (декларанттың штатындағы қызметкер). Егер кеден брокері декларант болып табылған жағдайда, декларанттың өкілі тек біліктілік аттестаты бар кедендік ресімдеу жөніндегі маман ғана болуы тиіс;

4) аралас шарт - бұл Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген түрлі шарттардың элементтері бар шарт;

5) құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындары (бұдан әрі - ТКБО), бұл Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр тасымалымен өткізілетін электр энергиясын, табиғи газды кедендік бақылау орындары, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр тасымалымен өткізілетін мұнайды, газ конденсатын, мұнай өнімдерін қабылдау және кедендік бақылау орындары, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр тасымалымен өткізілген мұнайдың мөлшері мен сапасы туралы мәліметтер жазылған көліктік құжаттар ресімделетін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнайды қабылдап алу-тапсыру п у н к т т е р і т ұ р а д ы ;

б) заңды мекен-жайы - оның құрылтай құжаттарында почталық толық мекен-жайы жазылып көрсетілген, заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік

тізіліміне енгізілген заңды тұлғаның тұрған жері;

7) нақты мекен-жайы - тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында нақты орналасқан/тұрақты тұратын жерінің мекен-жайы.

Өзге ұғымдардың мәндері Кеден кодексіне сәйкес айқындалады.

5. Бір ЖКД-да бір және сол кедендік режиммен орналастырылатын, бір тауар партиясына кіретін тауарлар туралы мәліметтер мәлімделуі мүмкін.

Бұл ретте бір тауар партиясы ретінде қарастырылады:

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде – бір жөнелтуші бір алушының атына бір шарттың міндеттемелерін орындай отырып, сыртқы экономикалық мәміле жасалған кезде немесе бір жақты сыртқы экономикалық мәміле, немесе қандай-да болмасын мәміле жасамай, көлік құралдары мен тауарға ілеспе құжаттарының санына қарамастан, негізгі кедендік ресімдеуге бір мезгілде ұсынылған тауарлар;

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тауарлар әкетілген кезде – бір және сол кеден органының қызмет аймағында бір мезгілде тиелетін (мерзімдік немесе уақытша декларациялауды қолданған кезде белгілі бір уақыт аралығында тиелетін) бір жөнелтуші бір алушының атына бір шарттың міндеттемелерін орындай отырып, сыртқы экономикалық мәміле жасалған кезде немесе бір жақты сыртқы экономикалық мәміле, немесе қандай-да болмасын мәміле жасамай, көлік құралдары мен тауарға ілеспе құжаттарының санына қарамастан ұсынылған тауарлар.

Көрсетілген талаптар бір тауар партиясына кіретін тауарлар туралы мәліметтерді әр түрлі ЖКД-да мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2008.09.10. N 461 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. Кеден кодексінің 379-бабында белгіленген жағдайда тауарларды ЖКД пайдалана отырып декларациялау кеден мақсаттары үшін қажетті мәліметтерді жазбаша мәлімдеу нысанында, КД 1 бланкісінде (бұдан әрі ЖКД-ның негізгі парағы), ал қажет болған жағдайда қосымша КД 2 бланкісінде (бұдан әрі - қосымша парақ), сондай-ақ осы мәліметтерді ЖКД-ның электронды көшірмесі түрінде мәлімдеу арқылы жүзеге асырылады. ЖКД-ның негізгі және қосымша парақтарының нысандары осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген. Қараңыз.К100296

7. ЖКД-ның негізгі парағы және ЖКД-ның қосымша парақтары (КД 2) әрқайсысының өз атауы бар брошюраланған парақтардың (бұдан әрі - ЖКД бланкілері) бес данасынан тұрады.

8. Бір тауар ретінде техникалық және негізгі коммерциялық сипаттамаларын ескере отырып оларды бірге декларациялау, егер кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерде өзгедей белгіленбесе, мұндай тауарларды

бөліп декларациялау кезінде төлеуге (есептеуге) жататын сомамен салыстырғанда кедендік төлемдер мен салықтары сомаларының азаюына әкеп соқтырмауы шартымен, шыққан елдері белгісіз не бір елден шығарылатын, СЭҚ ТН сәйкес бір кодқа жататын бір атаудағы тауарлар декларациялануы мүмкін.

СЭҚ ТН 8702-8705 тауар позицияларында жіктелетін тауарлар шыққан елі, жөнелткен елі, маркасы, моделі, кузовының түрі, двигателінің көлемі толық сәйкес болуы шартымен бір тауар ретінде декларациялана алады.

Алдыңғы абзацта жазылған талаптардың бірі қанағаттандырылмаған жағдайда, тауарлар жеке декларациялануы тиіс (қосымша парақтарды немесе әртүрлі ЖКД пайдалану арқылы).

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің 2007.07.12 N 188 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

9. Бір қосымша парақта тауарлардың үш атауы туралы мәліметтердің мәлімделуі мүмкін, олардың әрқайсысы осы Ереженің 8-тармағының бірінші абзацында жазылған шарттарды қанағаттандырады.

Бір ЖКД-да 100-ден аспайтын тауарлардың атаулары туралы мәліметтер мәлімделуі мүмкін.

Қосымша беттерді толтыру ережесі қосымша беттерін декларант толтырмайтын А-бағанын қоспағанда, ЖКД-ның негізгі парағының тиісті бағандарын толтыру ережесіне ұқсас болады.

10. Тауарларды мерзімдік кедендік декларация бойынша декларациялаған жағдайда, тауарлардың санына байланысты мәліметтер тауарлардың жеткізілуі болжанған саны ескеріле отырып көрсетіледі.

11. ЖКД компьютердің басу құрылғысында және/немесе жазу машинкасімен мемлекеттік және орыс тілінде бас әріптерімен толтырылады.

Кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттарда ұйымдар мен кәсіпорындардың атаулары, тауарлар мен көлік құралдарының және тағы басқалардың атаулары шет тілінде жазылса, онда ЖКД-ны толтыру кезінде осындай атаулар латын алфавитінің әріптерімен көрсетілуі қажет.

М ы с а л ы ,

заңды тұлғаның атауы - құрылтай құжаттарына сәйкес - "СП PARADISE", "TOO AGRO TRADING GROUP", "AMRO BANK";

автокөлік құралының атауы - техникалық жабдықтың төлқұжатына немесе ресми анықтамалықтарға сәйкес - "TOYOTA LAND CRUISER", "MAZDA 626";

дәрілік препараттың атауы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен Дәрілік заттардың мемлекеттік тізіліміне сәйкес - "FESTAL", "S U L P H A Q U I N".

ЖКД-ның бір бағанында не ЖКД-ның сыртқы жағында ЖКД-ның бір

бағанының жалғасы ретінде санамаланған мәліметтер үтір арқылы көрсетіледі. Акциздік маркаларды көрсетіп бағанды толтыру үшін бөлгіштерді - үтірлі нүктені пайдалануға жол беріледі. Басқа бөлгіштерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

12. ЖКД анық толтырылуы, тазартулар мен түзетулердің болмауы тиіс. ЖКД-дағы кедендік ресімдеу кезіндегі кеден органдарының шешімдерін қабылдауға ықпал ететін негізгі деректерді өзгертпейтін қателерді, техникалық немесе грамматикалық қателерді декларанттың ауызша мәлімдеуі бойынша қате деректерді сызу және тиісті мәліметтерді үстіне жазу жолымен түзетуге (үш реттен көп емес) рұқсат етіледі. Осындай әрбір түзету ЖКД-ның әрбір парағында және декларанттың мөрімен куәландырылады.

Егер декларант жеке тұлға немесе кәсіпкерлік қызметпен заңды тұлға құрмастан айналысатын тұлға болып табылса, мұндай куәландыру оның қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.

Егер декларант заңды тұлға болып табылса, мұндай куәландыру декларанттың ЖКД-ны толтырған өкілінің қол қоюы және заңды тұлғаның мөр басуы арқылы жүзеге асырылады.

13. Егер ЖКД-ның қандай да бір бағанын толтыру кезінде енгізілетін мәтіндік деректер бұдан бұрын ЖКД-ның басқа бағанында мәлімделген мәліметтерді қайталайтын жағдайда, мұндай бағанға "N БАҒАНДЫ ҚАРАҢЫЗ" деген жазба түріндегі сілтемелерге жол берілмейді. Бұл ретте, ұқсас сілтемелерге:

код белгілеріне қатысты;
қосымша парақтарда;

ЖКД-ның электронды көшірмесінде жол берілмейді.

14. Егер ЖКД-ның қандай да бір бағанында мәліметтерді мәлімдеу үшін орын жеткіліксіз болса, оларды ЖКД-ның негізгі парағының және қосымша парақтарының сыртқы жағына көрсетуге, ал ЖКД-ның тиісті бағанына " СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазба жазуға рұқсат етіледі. Егер ЖКД-ның негізгі және қосымша парақтарының сыртқы жағында мәліметтерді мәлімдеу үшін орын жеткіліксіз болса, ЖКД-ның сыртқы жағы ретінде қағаздың парағы пайдаланылады, онда мынадай жазба жүргізіледі: "ЖКД-ның СЫРТҚЫ ЖАҒЫ Н _____ ". Бұл ретте ЖКД-ның негізгі парағы мен қосымша парақтарының сыртқы жағына бағандардың номері қойылады және одан әрі осы Ережеде көзделген тәртіппен осы бағанда мәлімделген мәліметтер көрсетіледі. Қосымша парақтарының сыртқы жағында декларацияланатын тауардың реттік номері көрсетіледі.

Мысалы, бір алушының мекен-жайына үш атаудағы тауарлармен бірге алты автомашинаны өткізу кезінде негізгі және қосымша парақтар мынадай түрде толтырылады:

"Жөнелту кезіндегі көлік құралы/ТКБО" деген 18-бағанда:

"6: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деп көрсетіледі,

КД 1 барлық парақтарының сыртқы жағында:

"18-БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:

А 770 АЕ, А 771 АЕ, А 772 АЕ, А 774 АЕ, А 775 АЕ, А 771 АЕ," деп көрсетіледі.

Декларант көрсеткен осындай мәліметтер осы Ереженің 12-тармағында белгіленген тәртіппен, ал кеден органдарының лауазымды адамдары көрсеткен мәліметтер - осындай лауазымды адамдардың қолдарымен және жеке номерлік мөрлерімен куәландырылады.

Тиісті бағанның электронды көшірмесінде ЖКД-ның негізгі парағы мен қосымша парақтарының беткі және сыртқы жақтарында көрсетілген барлық мәліметтер енгізілуі тиіс. Бұл ретте, ЖКД-ның беткі жағында "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" дегенді қоса алғанда басқа мәліметтерді көрсетуге жол берілмейді. Электронды көшірмені қалыптастыру тәртібі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның бұйрықтарымен және өкімдерімен айқындалады.

Мәліметтерді көрсету өлшем бойынша ЖКД электронды көшірмесі бетінің форматынан асатын жағдайда бағандар "ЖКД электронды көшірмелерін толтырудың ерекшеліктері" деген 26-қосымшасына сәйкес толтырылады.

15. ЖКД-ның бланкісінде, егер кеден ісі жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық кесімдерде өзгедей белгіленбесе, осы Ережеде көзделмеген мәліметтерді мәлімдеуге рұқсат етілмейді.

ЖКД-ның негізгі парағының сыртқы жағы өзге уәкілетті органдарының тиісті бақылау түрлерін жүргізгендігі туралы белгілері мен мөртабандарын қою үшін пайдаланылуы мүмкін.

16. Декларант осы Ережеде белгіленген тәртіппен ЖКД-да мәлімдеген мәліметтер кеден мақсаттары үшін қажетті мәліметтер болып табылады.

ЖКД-да мәлімделген мәліметтердің дұрыстығын декларант ЖКД-ның негізгі парағын және әрбір қосымша парағының тиісті бағандарын осы Ережеде айқындалған тәртіппен толтыру арқылы куәландырады.

17. ЖКД-да мәліметтерді мәлімдеу үшін жіктеушілер немесе кеден мақсаттары үшін пайдаланылатын нормативтік-анықтамалық ақпараттардың тізімдері қолданылады.

Нормативтік-анықтамалық ақпаратты жаңартулар жалпы белгіленген тәртіппен кеден органдарының және мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

18. Уақытша және мерзімдік кеден декларациясын пайдалана отырып тауарларды декларациялау кезінде кеден мақсаттары үшін қажетті мәліметтерді ЖКД-да мәлімдеу тәртібі осы Ереженің ережелерін ескере отырып тиісті жеке нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Тауарлардың транзиті режиміне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарды декларациялау кезінде жүк кедендік декларацияласы ретінде оны толтыру тәртібі Кеден кодексінің 76-бабында айқындалған жеткізуді бақылау құжаты қабылданады.

19. Тауарларды кедендік ресімдеуді аяқтағаннан кейін ЖКД-ның парақтары мынадай түрде бөлінеді:

1) бірінші парақ - кеден органында қалады және арнайы мұрағатта сақталады;

2) екінші парақ - кеден органында қалады және кедендік бақылау мақсатында пайдалынады;

3) үшінші парақ - декларантқа қайтарылады;

4) төртінші парақ:

тауарларды ҚР кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде тауарға ілеспе құжаттарға тіркеледі және тауарлардың іс жүзінде әкетілгендігін растау үшін, сондай-ақ тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ретінде пайдалану үшін тауарлармен бірге қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пункт орналасқан кеден органына жіберіледі;

тауарларды әкелу кезінде кеден органында қалады және кедендік бақылау мақсатында пайдалынады;

5) бесінші парақ:

тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде шетелдік мемлекеттердің кеден органдарына ұсыну үшін тауарға ілеспе құжаттарға тіркеледі;

әкелу кезінде кеден органында қалады және кедендік бақылау мақсатында пайдалынады.

2. Тауарларды еркін айналым үшін шығару кеден режимінде орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде ЖКД толтыру ережесі

20. Декларант ЖКД-ның негізгі парағының және қосымша парақтардың мынадай тиісті бағандарын толтырады:

1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 53, 54, А (тек ЖКД-ның негізгі парағы) және В.

21. Кеден органының лауазымды адамы ЖКД-ның негізгі парағының бағандарын және қосымша парақтардың тиісті бағандарын толтырады:

7, 43, А (тек қосымша парақтарды), Д және С.

22. Бағандарды толтыру тәртібі:

1-баған. "Декларацияның түрі":

бағанның бірінші шағын бөлімінде - (ИМ) қойылады;

бағанның екінші шағын бөлімінде тауарларды Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізу рәсімінің жіктеушісіне (1-қосымша) сәйкес кеден режимінің екі мәнді сандық коды қойылады;

бағанның үшінші шағын бөлімі мынадай жағдайда толтырылады:

алдын ала декларациялау кезінде "АД" жазбасы енгізіледі;

мерзімдік кедендік декларацияны толтыру кезінде - "МКД";

уақытша декларацияны толтыру кезінде - "УД".

2-баған. "Жөнелтуші/экспорттаушы".

Бағанда тауарларды жөнелтуші туралы мәліметтер: заңды тұлғаның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің атауы (жеке тұлға үшін - тегі және аты-жөні), мекен-жайы, оның ішінде оның тұратын жеріндегі елдің қысқаша атауы көрсетіледі.

Тауарларды жеке тұлғалар ресімдеген кезде, егер тауарларды жөнелтуші белгісіз болған жағдайда, сондай-ақ егер декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кеден режимінде орналастырылған жағдайда баған толтырылмайды.

Тауарлар Ресей Федерациясынан өткізілетін жағдайда бағанда қосымша облыс/өңір көрсетіледі.

Қосымша парақтағы баған толтырылмайды.

3-баған. "Қосымша парақтар".

Бағанның бірінші шағын бөлімінде қосымша парақтың реттік номері, екінші парағында - ЖКД-ның негізгі парағы мен барлық қосымша парақтарын қоса алғанда, кеден органына берілген ЖКД парақтарының жалпы саны көрсетіледі. Мысалы, егер екі қосымша парақтарымен бірге бір ЖКД болса, ЖКД-ның негізгі парағында - "1/3"; бірінші қосымша парағында - "2/3"; екіншісінде - "3/3" көрсету қажет.

Егер ЖКД-ның қосымша парақтары болмаса - "1/1" көрсетіледі.

5-баған. "Барлық тауарлардың атаулары".

Бағанда берілген ЖКД-да соңғы болып декларацияланған тауардың 32-бағанда көрсетілген реттік номері қойылады.

6-баған. "Орындардың саны".

Бағанда декларацияланатын тауарлардың жүктік орындарының жалпы саны қойылады.

Себу, құю немесе аудару арқылы өткізілетін тауарларды, сондай-ақ құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде бағанаға - "0" (ноль) қойылады.

Қаптамалық контейнерлерде, жәшіктерде, қаптарда немесе түптерде

тасымалданатын тауарларды декларациялау кезінде тиісінше қаттамалық контейнерлердің, жәшіктердің, қаптардың, түптердің жалпы саны көрсетіледі.

Алдыңғы екі абзацта көрсетілген белгілерді бірдей ие тауарларды декларациялау кезінде қаттамалық контейнерлердің, жәшіктердің, қаптардың, түптердің жалпы саны көрсетіледі.

Жүк орындарын санау кезінде тасымалданатын контейнер (темір жол, теңіз, және т.б.) есепке алынбайды, осындай контейнер тауар ретінде шығатын жағдайларды есепке алмағанда.

7-баған. "Анықтамалық номер" (ЖКД негізгі парағының) және "А" бағаны (қосымша парақтың):

ЖКД негізгі парақтың 7-бағанында жүк кедендік декларацияларды тіркеу журналы бойынша берілген мынадай элементтерден тұратын жүк кедендік декларациялардың анықтамалық номері қойылады:

9 9 9 9 9 / 9 9 9 9 9 / 9 9 9 9 9 9 9

1 2 3, мұнда:

1-элемент - кеден органының коды;

2-элемент - ЖКД қабылданған күн (күні, айы және ағымдық жылдың соңғы саны);

3-элемент - ЖКД-ны тіркеу журналы бойынша берілген ЖКД-ның тіркеу номері.

ЖКД-ның тіркеу номері ағымдық жылдағы өспелі тәртіппен қалыптасады, жыл аяқталғаннан кейін номерлену жаңадан жасалады. ЖКД-ның реттік номері тауарлардың әкетілетіндігіне немесе әкелінетіндігіне қарамастан қайталанбауы тиіс.

ЖКД-ның көрсетілген анықтамалық номері әрбір қосымша парақтың "А" бағанының төменгі бөлігіне де қойылады және кеден органы лауазымды адамының жеке номерлік мөрімен және қолымен куәландырылады.

Мысалы: "50300/10 01 1/000007".

Егер кеден органында ЖКД-ны қабылдау және тіркеу бойынша компьютерлік желімен жабдықталмаған бір жұмыс орнынан астам орын болса, ЖКД-ның реттік номерінде ЖКД-ны қабылдау және тіркеу орнын бірдейлендіру үшін бірінші санды пайдалану қажет (мысалы, "50300/1001 1/1000007", "50300/10011/2000008");

8-баған. "Алушы/импорттаушы".

Бағанның негізгі және қосымша парақтарында тауарларды алушы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер тауарларды алушы заңды тұлға болып табылса, оның ұйымдық-құқықтық нысанын және заңды мекен-жайын қамтитын толық атауы

к ө р с е т і л е д і .

Егер алушының атынан оның тұрған жерінен тысқары орналасқан заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі (бұдан әрі - заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) түссе, құрылымдық бөлімшенің атауы мен заңды мекен-жайы, к ө р с е т і л е д і .

Егер алушы жеке тұлға болып табылса, оның тегі және аты-жөні, оның нақты мекен-жайы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер к ө р с е т і л е д і .

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін алушының Бірдейлендірілген кедендік номерін қалыптастырудың жіктеушісіне (4-қосымша) сәйкес Бірдейлендірілген кедендік номері (бұдан әрі - БКН) көрсетіледі.

Егер тауарларды көрмеге әкелген жағдайда, алушы Қазақстан Республикасында шетелдік тұлға болып табылса, шетелдік тұлғаның атауы және көрме өткізілетін мекен-жай көрсетіледі.

Егер алушы шетелдік тұлға болып табылса, шетелдік тұлғаның атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес шетелдік заңды тұлға немесе жеке адам санатының тек қана екі таңбалы коды, сондай-ақ 5-қосымшаға сәйкес кедендік ресімдеу органы әкімшілік-аумақтық объектісінің коды (ӘАОК) көрсетіледі.

Егер тауарларды алушы тұлға оның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайтын заңды тұлға арқылы тауарларды өз атынан алатын тұлға болып табылса, бағанда оның ұйымдық-құқықтық нысанына, тұратын жеріне (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын жүк алушының атауы көрсетіледі, одан әрі АРҚЫЛЫ деген жазба жасалады және ол арқылы тауарларды жеткізу жүзеге асырылатын ұйымдық-құқықтық нысанына, тұратын жеріне (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес жөнелтушінің БКН-і көрсетіледі.

М ы с а л ы :

"ГАРАНТ ЖШС, АСТАНА ҚАЛАСЫ, ПЕРВОМАЙСКАЯ КӨШЕСІ, 14 ҮЙ
ЖАҚСЫ ЖШС АРҚЫЛЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, 7 ҮЙ"

9-баған. "Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға".

Бағанда төменде санамаланатын жағдайларда тауарларды өткізетін тұлғалардың бірі туралы мәліметтер көрсетіледі:

1) егер ЖКД-да декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жазбаша шартқа сәйкес өткізілсе, мынадай тұлғалардың б і р і т у р а л ы :

егер декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден

шекарасы арқылы осы тұлға жасаған өтеулі шартқа сәйкес өткізілсе, шарт бойынша есептер үшін жауапты қазақстандық тұлға;

егер декларацияланатын тауарлар ҚР кеден шекарасы арқылы өтеулі шартқа сәйкес өткізілсе, өзге тұлға жасаған шарт бойынша есептерге жауапты қазақстандық тұлға;

егер декларацияланатын тауарлар ҚР кеден шекарасы арқылы осы тұлға жасаған өтеусіз шартқа сәйкес өткізілсе, қазақстандық тұлға;

егер декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тек шетелдік тұлғалардың арасында жасалған шартқа сәйкес өткізілсе, шетелдік тұлға;

егер декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы өкілдіктің шетелдік тұлғамен жасасқан шартына сәйкес өткізілсе, шетелдік мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы дипломатиялық, консулдық өкілдігі;

егер декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы ұйым немесе шетелдік тұлғадағы өкілдік жасаған шартқа сәйкес өткізілсе, халықаралық үкіметаралық ұйым, оның жанындағы шетелдік мемлекеттің өкілдігі туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) егер ЖКД-да декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кеден режиміне орналастырылған болса, мыналардың бірі:

егер тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы тұлға жасаған шартқа сәйкес өткізілсе, шарт жөніндегі есептер үшін жауапты қазақстандық тұлға;

егер мұндай шартты орындау мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кеден режимі өзгерсе, шетелдік тұлғамен шарт жасасқан және ол бойынша есептер үшін жауапты қазақстандық тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) егер ЖКД-да декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілсе, не Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден режимі шарттың орындалуына байланысты емес себептермен өзгерсе, бағанда ЖКД-ны берген сәтте декларацияланатын тауарлардың меншік иесі немесе иесі болып табылатын тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тауарларды көрмеге әкелінетін жағдайда: көрмені ұйымдастырушы болып табылатын тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

Заңды тұлғаның оның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін толық атауы және заңды мекен-жайы немесе тегі және аты-жөні, жеке тұлғаның нақты мекен-жайы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.

Заңды тұлғаның атынан оның құрылымдық бөлімшесі түсетін жағдайда, оның ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын құрылымдық бөлімшенің атауы мен тұратын жері (заңды мекен-жайы), сондай-ақ заңды тұлға, оның ішінде шетелдік, егер соңғының құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және тіркелген болса, шетелдік заңды тұлға туралы жоғарыда аталған мәліметтер көрсетіледі.

Оң жақтағы жоғарғы бұрышта "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес тұлғаның БКН-і көрсетіледі.

11-баған. "Саудаласушы ел".

Бағанда саудаласушы елдің әлем елдері жіктеушісіне (6-қосымша) сәйкес с а н д ы қ к о д ы қ о й ы л а д ы .

Саудаласушы ел деп онда онымен ЖКД-ның 9-бағанында көрсетілген оған сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін , не оны орындау мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден режимі өзгеретін шарт жасасқан тұлға тіркелген немесе тұрақты тұратын ел ұғынылады.

Егер ЖКД-да декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілсе, не Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың сатып алу-сату немесе айырбастау шартын орындауға байланысты емес себептермен кеден режимі өзгерсе, баған толтырылмайды.

12-баған. "Жалпы кедендік құн".

Бағанға ЖКД-ны қолдану арқылы декларацияланатын тауарлардың ЖКД негізгі парағы мен қосымша парақтарымен 45-бағанында мәлімделген кедендік құнның сомасы ретінде алынған жалпы кедендік құны қойылады.

14-баған. "Декларант/өкіл".

Бағанда кеден мақсаттары үшін қажетті мәліметтерді өзінің атынан ЖКД-да мәлімдеген тауарлардың декларанты туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер декларант қазақстандық заңды тұлға болып табылса, оның ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын толық атауы және заңды м е к е н - ж а й ы к ө р с е т і л е д і .

Егер декларанттың атынан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі түссе, құрылымдық бөлімшенің атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын және құрылымдық бөлімшенің заңды мекен-жайына сілтемені қамтитын мәліметтер к ө р с е т і л е д і .

Егер декларант қазақстандық жеке тұлға болып табылса, оның тегі және аты-жөні, нақты мекен-жайы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер декларант шетелдік тұлға болып табылса, онда оның

ұйымдық-құқықтық нысанын қамтитын толық атауы, және нақты мекен-жайы көрсетіледі.

Егер декларант кеден брокері болып табылса, жоғарғы оң жақ бұрышына кеден брокері ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның номері мен берілген күні қосымша көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес декларанттың БКН көрсетіледі.

15 және 15а-бағандары. "Жөнелтуші ел", "Жөнелтуші елдің коды".

Бағандарда тиісінше әлем елдері жіктеушісіне (3-қосымша) сәйкес тауарларды жөнелтуші елдің қысқаша атауы мен сандық коды көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде, жөнелтуші ел оларға сәйкес тауарларды халықаралық тасымалдау жүзеге асырылатын көлік құжаттарда келтірілген мәліметтердің негізінде айқындалады, ал кеден режимі өзгертін тауарларды декларациялау кезінде жөнелтуші ел туралы мәліметтер алдыңғы ЖКД-ның тиісті бағандарында көрсетіледі.

16 - баған. "Шыққан елі".

Бағанда ЖКД-ны пайдалана отырып декларацияланатын тауарлардың шыққан елі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер ЖКД-да декларацияланатын тауарлар бір елден шығарылса, бағанда олардың шыққан елінің қысқаша атауы әлем елдері жіктеушісіне (3-қосымша) сәйкес көрсетіледі.

Әр түрлі елдерде шығарылған немесе бір тауардың болса да шыққан елі белгісіз тауарларды ЖКД-ны пайдалана отырып декларациялау кезінде, бағанда "ӘР ТҮРЛІ" деп көрсетіледі.

Егер бір ЖКД-ны пайдалана отырып тауарларды декларациялау сәтінде олардың шыққан елі белгісіз болса, бағанда "БЕЛГІСІЗ" деп көрсетіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы/ТКБО".

Бағанда оларды бастапқы өткізу пунктiнен Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пунктiнде өткізу үшін тауарларды тиеу жүргізілетін көлік құралдары, не құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша тауарларды кедендік бақылау орындары (ТКБО) туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ бөлігіне көлік құралдарының саны, бөлгіштен (қос нүктеден) кейін "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазба көрсетіледі, ал ЖКД-ның сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атаулары, әуе кемелерінің бағыт номерлері мен борттық номерлері, темір жол вагондарының номерлері, автокөлік құралдарының, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің тіркеу номерлері көрсетіледі. Көлік құралдардың номерлерін жазған кезде ашық

жерлерді және басқа да бөлгіштерді пайдалануға жол берілмейді.

Мысалы, ЖКД-ның негізгі бетінде: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"

ЖКД - ның сыртқы жағында :
" 18 - БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ :
P043MAN, P123BOM, P458OMM"

Тауарларды құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізу кезінде сол жақ бөлігінде бөлгіштен (қос нүктеден) кейін ТКБО атауы: Құбыр жолдары немесе Құбыр жолдары мен электр беру желілері түрлерінің жіктеуішіне сәйкес (20-қосымша) магистралдық құбыр желісі немесе электр беру желілері, тире арқылы Құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының жіктеушісіне (7-қосымша) сәйкес тауарларды беру пунктiнiң немесе пункттерiнiң коды көрсетiледi .

Мысалы : " 1 : МГ - 091 "
" 1 : МН - 004 "
" 2 : ЛЭП - 024 , 025 " .

Оң жақ кіші бөлікке көлік құралы/ТКБО 6-қосымшаға сәйкес тіркелген елдің сандық коды қойылады .

Көлік-құрал тауар ретінде тасымалданатын жағдайда оң жақ кіші бөлікте көлік құрал есептен шығарылғанға дейін тіркелген елдің цифрлық коды 6-қосымшаға сәйкес қойылады .

Егер тауарлар әр түрлі елдерде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, онда "999" қойылады .

Егер тауарлар Еуропа Одағының бірден көп елдерінде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, бағанда "097" көрсетіледі .

Е г е р :

1) декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кедендік режимге орналастырылса ;

2) тауарлар мерзімдік кедендік декларация (МКД) бойынша декларацияланса, баған толтырылмайды. Бұл ретте, баған толық ЖКД берілген кезде МКД рәсімін жабу үшін толтырылады.

19 - баған . " Контейнер " .

Бағанда :

егер тауарлар контейнермен өткізілсе - "1";
егер тауарлар контейнерден тыс өткізілсе - "0" көрсетіледі.

Контейнерлердің саны мен номерлері 31-бағанда көрсетіледі.

20-баған . " Жеткізу шарттары " .

Бағанда өтеулі негізіндегі сыртқы сауда мәмілесінің ережелеріне сәйкес декларацияланатын тауарларды әкелу мен олар үшін ақы төлеу шарттары туралы

мәліметтер

көрсетіледі.

Бағанның бірінші шағын бөлігінде Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелерінің 2000 жылғы редакциясына (бұдан әрі - Инкотермс-2000) сәйкес әзірленген Жеткізу шарттарының жіктеушісіне (4-қосымша) сәйкес жеткізу шартының сандық коды көрсетіледі.

Екінші шағын бөлімінің сол жақ бөлігінде жеткізу шартының әріптік коды Инкотермс-2000 сәйкес географиялық пункт көрсетіле отырып (бөлгіш ретінде бос орын), латын нышандарымен көрсетіледі. Мысалы: "DAF СТАМБУЛ, СІР А С Т А Н А " .

Екінші шағын бөлімінің оң жақ бөлігі және үшінші шағын бөлім, олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы мәміле паспортын ресімдеу талаптары айқындалған егер сыртқы сауда шарттары бойынша өтеулі негізде өткізілетін тауарлар декларацияланса, толтырылады.

Екінші шағын бөлімінің оң жақ бөлігінде Экспорттық түсімдердің түсу мерзімдерінің жіктеушісіне (9-қосымша) сәйкес декларацияланған тауарлар үшін ақы төлеу мерзімінің немесе тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, санаткерлік қызмет нәтижелерін қарама-қарсы жеткізу мерзімінің екі мәнді сандық коды көрсетіледі.

Бағанның үшінші шағын бөлімінде өтеулі негіздегі сыртқы сауда мәмілесінің шарттарына сәйкес декларацияланатын тауарлар үшін есеп айырысулардың қолданып жүрген нысанының екі мәнді сандық коды 2-қосымшаға сәйкес көрсетіледі :

Егер декларацияланатын тауарларды өтеу негізіндегі сыртқы сауда мәмілесіне сәйкес Қазақстан Республикасына әкелінсе, не Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден режимі өтеусіз негіздегі сыртқы сауда мәмілесін орындау мақсатында өзгерсе, баған толтырылмайды.

21-баған. "Шекарадағы көлік құралы/ТКБО".

Бағанда онымен декларацияланатын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген көлік құралдары не құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізу туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ бөлігіне көлік құралдарының саны, бөлгіштен (қос нүктеден) арқылы .

"СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазба көрсетіледі, ал ЖКД-ның сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атаулары, әуе кемелерінің бағыт номерлері мен борттық номерлері, темір жол вагондарының номерлері, автокөлік құралдарының, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің тіркеу номерлері көрсетіледі. Көлік құралдардың номерлерін жазған кезде ашық жерлерді және

басқа да бөлгіштерді пайдалануға жол берілмейді.

Мысалы, ЖКД-ның негізгі бетінде: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"

ЖКД-ның сыртқы жағында:

"18-БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:

P043MAN, P123BOM, P458OMM"

Тауарларды құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізу кезінде сол жақ бөлігінде бөлгіштен (қос нүктеден) кейін ТКБО атауы: Құбыр жолдары немесе Құбыр жолдары мен электр беру желілері түрлерінің жіктеуішіне сәйкес (20-қосымша) магистралдық құбыр желісі немесе электр беру желілері, тире арқылы Құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының жіктеушісіне (7-қосымша) сәйкес тауарларды беру пунктiнiң немесе пункттерiнiң коды көрсетiледi .

Мысалы: "1: МГ - 091"

"1: МН - 004"

"2: ЛЭП - 024, 025".

Оң жақ кіші бөлікке көлік құралы/ТКБО 6-қосымшаға сәйкес тіркелген елдің сандық коды қойылады.

Көлік-құрал тауар ретінде тасымалданатын жағдайда оң жақ кіші бөлікте көлік құрал есептен шығарылғанға дейін тіркелген елдің цифрлық коды 6-қосымшаға сәйкес қойылады.

Егер тауарлар әр түрлі елдерде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, онда "999" қойылады.

Егер тауарлар Еуропа Одағының бірден көп елдерінде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, бағанда "097" көрсетіледі.

Тауарлар құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізілетін аралас тасымал жағдайында, бағанда тауар Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізілген көлік құралының атауы көрсетіледі.

Е г е р :

1) декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кедендік режимге орналастырылса;

2) тауарлар мерзімдік кедендік декларация (МКД) бойынша декларацияланса, баған толтырылмайды. Бұл ретте, баған толық ЖКД берілген кезде МКД рәсімін жабу үшін толтырылады.

22-баған. "Валюта және жалпы фактуралық құн".

Бағанда шарттың немесе өзге де құжаттың ережелеріне сәйкес тауарлардың құны айқындалатын валюта туралы және бір ЖКД-да декларацияланатын тауарлардың жалпы фактуралық құны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ шағын бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық

банкі кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын Валюталардың жіктеушісіне (10-қосымша) сәйкес жүргізетін шарт валютасының сандық коды көрсетіледі.

Егер өтеулі шарттың ережелерінде тауарларды екі немесе одан да көп валюталарда бағалау көзделсе, шарт бағасының басым валютасының коды қойылады. ЖКД толтыру мақсаттары үшін болып құндық тұрғыда барынша үлес салмағына бағасы айқындалатын тауарлар бөлігінің валютасы шарт бағасының басым валютасы болып саналады (оны ұлттық валютаға қайта есептеу жағдайында).

Шарт шот-фактурада (инвойста) көрсетілген валютадан өзгеше валютада жасалған жағдайда, онда шарт валютасының коды көрсетіледі.

Егер шарт Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүргізетін валютада жасалған, ал төлем өзге валютада жүргізілген жағдайда, шарт валютасының коды көрсетіледі.

Шарт болмаған жағдайда шот-фактурада (инвойста), шот-проформада көрсетілген валютаның коды көрсетіледі.

Шарт, шот-фактура (инвойс) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжат болмаған жағдайда, сондай-ақ егер сатып алу-сату немесе айырбастау шарты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүргізбейтін валютада жасалса, Қазақстан Республикасы валютасының коды көрсетіледі.

Бағанның бірінші шағын бөлімінде негізгі және қосымша парақтарының 42-бағанында көрсетілген құндардың сомасы ретінде алынған тауарлардың жалпы фактуралық құны көрсетіледі.

Егер негізгі және қосымша парақтардың 42-бағанында құндық көрсеткіштер болмаса, бағанның оң жақ шағын бөлімі толтырылмайды.

ЖКД-да валюта кодының әріп белгілері көрсетілмейді.

23-баған. "Валютаның бағамы".

Бағанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ЖКД-ны белгілі бір кеден режимінде мәлімдеу күнінде белгілеген валюта айырбастаудың нарықтық бағамдары көрсетіледі:

22-бағанның сол жақ шағын бөлімінде көрсетілген валютаның бағамы, бөлшек арқылы АҚШ долларының бағамы.

Егер 22-бағанның сол жақ шағын бөлімінде АҚШ долларының коды көрсетілсе, онда АҚШ долларының бағамы бөлшек арқылы қайталап көрсетілмейді.

24-баған. "Мәміленің сипаты".

Бағанда мәміле сипатының жіктеушісіне (11-қосымша) сәйкес мәміле сипатын екі мәнді коды көрсетіледі.

25-баған. "Шекарадағы көліктің/ТКБО түрі".

Бағанда көлік түрлерінің жіктеушісіне (12-қосымша) сәйкес 21-бағанда көрсетілген көлік құралы/ТКБО түрінің коды қойылады.

Егер декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кедендік режимге орналастырылған болса, баған толтырылмайды.

26-баған. "Ел ішіндегі көліктің/ТКБО түрі".

Бағанда 12-қосымшаға сәйкес тауарларды баратын кеден органына жеткізу жүзеге асырылған көлік құралы түрінің/ТКБО коды қойылады.

Егер декларацияланатын тауарлар бұрын өзге кедендік режимге орналастырылған болса, баған толтырылмайды.

28-баған. "Қаржылық және банктік мәліметтер".

Егер өтеулі шарттың ережелеріне сәйкес декларацияланатын тауарлар үшін есеп айырысуларды ақшалай немесе өзге де төлем құралдарын пайдалана отырып немесе тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, санаткерлік қызмет нәтижелерін қарама-қарсы жеткізу нысанында ЖКД-ның 9-бағанында көрсетілген қазақстандық тұлға жүзеге асырылса, баған толтырылады.

Бағанда оның өтеулі шартына сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін немесе оны орындау мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден режимі өзгертілетін қазақстандық тұлғаның қаржылық және банктік мәліметтері көрсетіледі. Осы бағанда мәлімделетін мәліметтер реттік номерлері қойыла отырып жаңа жолдан бастап көрсетіледі.

Егер Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізу немесе Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлардың кеден режимін өзгерту оларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасымен негізгі мәміле паспортын ресімдеу талаптары қолданылатын өтеулі шарттарға сәйкес жүзеге асырылса, 1 номермен мәміле паспортының номері және берілген күні көрсетіледі.

Мәміле паспортына қосымша парақтар бар болса, мәміле паспортының номерінен кейін бөлгіш (үтір) көрсетіледі, кейін "ДЛ", бөлгіштен (сызықшадан) кейін қосымша парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

2 номерімен банктің ОКПО коды және үтір арқылы банктің, не мәміле паспортын ресімдеген өзге органның қысқаша атауы көрсетіледі. Егер өтеулі шарттың ережелерімен есеп айырысулар ұлттық валютада көзделсе, банктің ОКПО коды және үтір арқылы қазақстандық тұлғаның шоты ашылған банктің қысқаша атауы көрсетіледі. Егер банктің ОКПО коды 8 саннан тұрса, онда ол оң жағынан төрт нольмен толықтырылады.

3 номерімен ол туралы мәліметтер 2 номеріндегі аталған бағанда мәлімделген тұлғаның заңды мекен-жайы көрсетіледі.

4 номерімен ақшалай немесе өзге де төлем құралдарын пайдалана отырып есеп айырысуды жүзеге асыру кезіндегі шоттың номері көрсетіледі.

Егер өтеулі шарттың ережелерімен декларацияланатын тауарлар үшін есеп айырысулар тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, санаткерлік қызмет нәтижелерін қарама-қарсы жеткізу нысанында көзделсе, 4 номерімен мәліметтер көрсетілмейді.

Егер декларацияланатын тауарларға қатысты мәміле паспорты ресімделмесе баған толтырылмайды.

29-баған. "Шекарадағы кеден".

Бағанда Қазақстан Республикасы кеден органдарының жіктеушісіне (13-қосымша) сәйкес қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пункттері орналасқан Қазақстан Республикасы кеден органының коды көрсетіледі.

Егер декларацияланған тауарлар бұрын өзге кедендік режимге орналастырылған болса, бағанда ЖКД алдындағы 29-бағанда көрсетілген шекарадағы кеденнің коды қойылады.

30-баған. "Тауарларды тексеру орны".

Бағанда аумақты немесе үй-жайды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің, декларацияланған тауарлар орналасқан уақытша сақтау қоймасын, кеден немесе еркін қойма құруға арналған лицензияның номері көрсетіледі.

Егер жоғарыда аталған қоймалардың иелері кеден органдары болып табылса, қойманы құрған кеден органының коды көрсетіледі.

Егер тауар тауарды алушының қоймасында орналасқан болса, бағанда кеден органының уақытша сақтауға арналған рұқсаттың номері мен күні көрсетіледі.

Егер көлік құрал уақытша сақтау орыны болып табылса, бағанда атауы (Т/Ж - темір жол көлігі, АВТО - автокөлік құралы) және бөлгіштен (қос нүкте) кейін көлік құралдың номері көрсетіледі.

Мысалы, "Т/Ж: 011246, 011247, 011248".

Тауарларды кедендік ресімдеуді оларды уақытша сақтауға алдын ала орналастырмастан жүргізген жағдайда, баған толтырылмайды.

31-баған. "Жүктік орындар және тауарды сипаттау".

Маркілеу және саны - контейнерлердің номерлері - тауарларды сипаттау:

Бағанда тауарларды кеден мақсаттары үшін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін декларацияланатын тауарлар, олардың оралуы мен маркіленуі туралы дәл мәліметтер көрсетіледі. Осы бағанда мәлімделетін мәліметтер олардың реттік номерлері қойыла отырып, жаңа жолдан көрсетіледі.

1 номерімен декларацияланатын тауарлардың дәл сипаттамасы: атаулары, декларацияланатын тауарлардың негізгі сандық және сапалық параметрлерін (стандарттары, сорттары, маркалары, моделдері, артиклдері, фирмалық атаулары

және т.б.) айқындайтын, декларацияланатын тауарларды кеден мақсаттары үшін бірдейлендіруге және СЭҚ ТН біріктірудің негізгі ережесіне сәйкес СЭҚ ТН-нің белгілі бір он мәнді шағын субпозициясына жатқызуға мүмкіндік беретін олардың техникалық және негізгі коммерциялық сипаттамалары көрсетіледі.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тауарлардың жекелеген санаттарын сипаттауға қойылатын арнайы талаптарды белгілеуі мүмкін.

Мысалы: Тауардың коды 3303001000 - 31-бағанда:

1) "КРИСТИНА" ӘТІРІ ("ДЗИНТЕРС" ФАБРИКАСЫ), ФЛАКОНДАР, 75 МЛ
4 0 0 Д А Н А .

2 номерімен жүк орындарының саны, олардың оралуы мен маркіленуі туралы мәліметтер, сондай-ақ бір жүктік орынның ішінде орналасқан тауарлардың саны, оралуы, өлшеніп бөлінуі және маркіленуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

М ы с а л ы : 2) " 1 2 Қ О Р А Б "

3 номерімен контейнерлермен тасымалданатын тауарлар үшін ғана контейнерлердің саны және бөлгіштен (қос нүктеден) кейін - олардың номерлері көрсетіледі .

Деректемелердің әр қайсысы жаңа жолдан көрсетіледі және реттік нөмірі б о л а д ы .

Мысалы: "3) 3: MMSU 7534674; MMSU 7123456; MMSU 7543561".

1 . 1 . Та у а р д ы ң т ү р і ;

1 . 2 . Д а й ы н д а у ш ы н ы ң а т а у ы ;

1.3. Тауардың физикалық техникалық параметрі.

4 номерімен бөлгіш (қос нүкте) арқылы тек маркіленген акцизделетін тауарлар үшін акциздік алым маркілерінің сериясы, саны және номері көрсетіледі .

М ы с а л ы ,

"СГ:1020:0000001-000090,0001020-0001140; АА:100:1512171-1512271"

5 номерімен Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше болып табылатын экспорттаушы ел болып табылатын кеден органдары ресімдеген экспорттық ЖКД номері көрсетіледі.

Егер СЭҚ ТН сәйкес осы бағанда декларацияланатын тауарларға қатысты оларды өлшеудің қосымша бірлігі қолданылса, онда бағанның оң жақтағы төменгі шағын бөлімінде арнайы бөлінген ашық жерде тауарлардың қосымша өлшеу бірлігіндегі саны мен СЭҚ ТН (21-қосымша) сәйкес өлшеу бірлігін шартты таңбалау көрсетіледі.

Егерде декларацияланатын тауарлар түптерде (поддон) орналасқан болса, онда қосымша 2 нөмірлі көрсетілген мәліметтерде түптер және олардың саны туралы мәліметтерді көрсету қажет"

Е с к е р т п е :

Орама деп тауарларды бөлуге, орауға, қорғауға, бекітуге және орналастыруға немесе қызмет етуге арналған материалдар және бұйымдар түсіндіріледі, ашық әкелінетін орауыш материалдарсыз (қағаз, сабан, жаңқа т.б.).

"Орама" түсінігіне контейнерлер және түптер (поддондар, паллеттер) ж а т қ ы з ы л м а й д ы .

Поддон дегеніміз механикалық аппараттың көмегімен штабельдеуге немесе тиеу/түсіру, тасымалдау мақсатымен, көліктік қорап құрау үшін төсеніште бірге бірнеше тауарлар санын орналастыруға болатын жабдық. Бұл жабдық тіреуіштермен өзара байланысқан екі төсеніштен немесе аяғынан сүйеулі бір төсеніштен құралады; түптерді тасымалдауға арналған арбалар және шанышқылы тиегіштер арқылы олардың тиеу/түсіруіне мүмкіндік беретін ол жалпы кем биіктікте болуы керек; ол қондырмасы болуы немесе болмауы да м ү м к і н .

Мысалы, тауардың атауы - "ҚОЙ ТЕРІЛЕРІ";

Тауардың коды - 4102109000;

Қосымша өлшеу бірлігі - "ДАНА";

С а н ы - " 1 0 0 " ;

Бағанның оң жақтағы төменгі шағын бөлімінде - "100 ДАНА" деп көрсетіледі

Қосымша өлшем бірлігінде тауарлардың саны 0,01-ден төмен болса, бағанның оң жақтағы төменгі кіші бөлімшесінде арнайы белгіленген ашық жерде ноль көрсетіледі, ал 1 номерінің астында декларацияланатын тауарларды дәлме дәл сипаттаған соң үтірден кейінгі алтыншы белгіге дейін тауардың нақты саны к ө р с е т і л е д і .

М ы с а л ы :

"1 - ӨЗГЕ ДЕ РАДИОАКТИВТІ ЭЛЕМЕНТТЕР, ИЗОТОПТАР ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫЛАР: КӨЗДЕРІ ЦЕЗИЙ-137-8ДАНА, 0,000013 КЮРИ"

Бағанның сол жақтағы төменгі бұрышында арнайы бөлінген ашық жерде онда кеден төлемінің және/немесе салықтың ставкасы белгіленетін физикалық шаманың өлшем бірлігі көрсетілсе, егер бұл өлшем бірлігі негізгі және қосымша өлшем бірліктерінен ерекшеленетін болса, СЭҚ ТН сәйкес өлшем бірлігінің қысқаша атауы көрсетіледі. Мысалы, "Кристалл" арағы" атауы бар тауарға арналған акциздің ставкасы (СЭҚ ТН коды - 220860110) литрмен белгіленеді;

физикалық шаманы өлшеу бірлігі - ЛИТР 100% спирт;

қосымша өлшем бірлігіндегі саны - 10000 литр;

төменгі оң жақ бұрышында - "10 000 Л" деп көрсетіледі.

сол жақтағы төмендегі бұрышта - "4500 л 100% СПИРТ".

Тек негізгі өлшем бірліктерін ғана қолданған жағдайда - бағанның төменгі оң және сол бұрыштағы толтырылмайды.

СЭҚ ТН-да келтірілген тауардың жалпы сипаттамасымен декларацияланатын тауарларды көрсетуге жол берілмейді.

"8702-8705" тауар позицияларында СЭҚ ТН бойынша жіктелетін тауарларды ресімдеу кезінде бағанда мәліметтер мынадай тәртіппен көрсетіледі: көлік құралдың маркасы, көлік құрал моделінің атауы, шанақ номері, қозғалтқыш номері, шасси номері, қозғалтқыштың жұмыс көлемі ("СМЗ" көрсетіледі), түсі, шығарылған жылы.

Мысалы,
"ВАЗ-21060, ШАН. 4229624, ҚЗ.5826325, ШС.01020474521235, ҚЗ.КӨЛ 1568СМЗ, ТҮСІ АШЫҚ АҚ, 1999Ж.Ш."

МКД рәсімі пайдаланылған жағдайда, толық ЖКД-ны беру кезінде декларант тауарларды 6 номерімен міндетті түрде МКД белгісін, жеткізу жүзеге асырылған уақыт кезеңін көрсете отырып "_____ ШІНДЕГІ ЖЕТКІЗІЛІМ" деген жазбаны қосымша жазады. Бұл ретте толық жүк кеден декларациясына мерзімдік ЖКД-ның анықтамалық номері беріледі.

Қосымша парақтардағы "Жүктік орындар және тауарлардың сипаттамасы" деген пайдаланылмаған бағандар сызылып тасталады.

32 - баған. "Тауар N".

Бағанда 31-бағанда декларацияланатын тауарлардың реттік номері көрсетіледі. Мысалы, бірнеше атаудағы тауарлар декларацияланады: ЖКД-ның негізгі парағында "1", бірінші қосымша парақта - "2", "3", "4", екінші қосымша парақта - "5", "6", "7" және т.б. қойылады.

Бір ЖКД-да декларацияланатын тауарлардың саны 100-ден аспауы тиіс. Бұл саннан асқан жағдайда мынадай жаңа ЖКД ресімделеді.

33 - баған "Тауардың коды"

Бірінші шағын бөлімде СЭҚ ТН бойынша тауарлардың жіктеу коды көрсетіледі. Кодтың құрылымы ашық жерсіз және өзге де бөлгіш таңбаларсыз жазылады.

Екінші шағын бөлім екі бөліктен тұрады: бірінші таңба оларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарларға арналған, келесі екі таңба - тауар туралы қосымша ақпарат үшін. 26-қосымшаға сәйкес толтырылады.

Мысалы,

"S01", бұл жерде S-тарифтік реттеу шараларын қолданудан бос, 01-акциздік тауар.

Егер декларацияланатын тауарлар санаткерлік меншік объектілерінің белгілерін қамтитын болса, үшінші шағын бөлімде "С" әріпі ("санаткерлік меншік") қойылады;

34-баған. "Шыққан елінің коды".

Бағанда 6-қосымшаға сәйкес тауарлардың шыққан елінің сандық коды қойылады.

Егер тауарлардың шыққан елі белгісіз болса, кодтың орнына бағанға үш ноль - " 0 0 0 " қойылады.

Егер тауарлар Еуропа Одағының бірден көп елдерінде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, бағанда "097" көрсетіледі.

Мысалы,
егер құжаттарда - "Еуропа Одағы (Франция, Германия)" көрсетілсе, бағанға " 0 9 7 " қойылады;

егер құжаттарда - "Еуропа Одағы (Франция)" көрсетілсе, бағанға Францияның коды - "250" қойылады;

Қосымша парақтарды пайдалана отырып тауарлардың бірнеше атауларын декларациялаған жағдайда, әрбір тауарлар атауы үшін шыққан елінің коды көрсетіледі.

35-баған. "Жалпы салмағы (кг)".

Бағанда декларацияланатын тауарлардың орамдық материалдар мен контейнерлердің, паллеттердің, түптердің және олардың сақтау мен тасымалдау процесінде сақталуын қамтамасыз ететін өзге де бумалардың барлық түрлерімен бірге жалпы массасы килограммен көрсетіледі. Егер жалпы салмағы бөлшектік бірліктерін қамтитын болса ол дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі үш таңбаға дейін дөңгелектенеді. Мысалы: 15, 045

Егер тауарлардың жалпы массасы бір килограмнан асса, көрсетілетін мән үтірден кейінгі алты таңбаға дейінгі дәлдігімен көрсетіледі. Мысалы: 0,000001

Электр энергиясын декларациялау кезінде бағанға "0" (ноль) қойылады.

36-баған. "Преференциялар".

Бағанда преференциялардың, жеңілдіктердің және кеден төлемдері мен салықтарды төлеудің өзге де ерекшеліктерінің жіктеушісіне (14-қосымша) сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөнінде берілген преференциялардың, жеңілдіктердің немесе ерекшеліктердің (бұдан әрі - ерекшеліктер) әріптік кодтары, кедендік баждың немесе салықтардың ставкасы бекітілгендігіне немесе жоқтығына қарамастан қойылады.

мынадай сызба бойынша:

СПАН, мұнда тиісінше:

С - кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын төлеу жөніндегі ерекшеліктің коды;

П - әкелулік кеден бажын төлеу жөніндегі ерекшеліктің коды;

А - акцизді төлеу жөніндегі ерекшеліктің коды;

Н - қосымша құн салығын төлеу жөніндегі ерекшеліктің коды.

К, Б, А, С әріптері позицияларды таңбалау үшін келтірілген және преференциялардың, жеңілдіктердің және кеден төлемдерін төлеу жөніндегі өзге де ерекшеліктердің жіктеушісінің тиісті бөлімінде келтірілген әріптік кодтарды қою орнын ғана айқындайды.

Егер декларацияланатын тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салықтарды төлеу жөніндегі ерекшеліктер қолданылмаса, онда тиісті позицияға "О" әріпі қойылады.

Мысалы:

1) кедендік ресімдегені үшін кеден алымдары, салықтар белгіленген тәртіппен төленеді, тауарлар әкелулік кеден бажын салудан босатылады, бағанға "ОАОО" қойылады;

2) әкелінген тауарларға кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдарын төлеуден босату таралса, әкелулік кеден бажы белгіленген, салықтар белгіленген тәртіппен төленеді - бағанға тиісінше - "АООО" қойылады.

3) кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдары, ҚҚС белгіленген тәртіппен төленеді, әкелінген тауарларға баждан және акцизден босату таралады және әкелулік кеден бажының ставкасы белгіленбеген - бағанда "ОААО" көрсетіледі.

4) кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдары, ҚҚС белгіленген тәртіппен төленеді, әкелінген тауарларға әкелулік кеден бажының ставкасы белгіленбеген - бағанда "ОООО" көрсетіледі.

5) кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдары мен әкелулік кеден бажы белгіленген тәртіппен төленеді, акциздің ставкасы белгіленбеген, ҚҚС есепке алу әдісімен төленеді - бағанға "ОООГ" көрсетіледі.

37 - баған. "Рәсім".

Бағанда тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы 3-қосымшаға сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу рәсімінің алты мәнді құрамдас коды көрсетіледі, ол мынадай құрамдас тұрады:

бірінші екі сан - мәлімделген кеден режимінің коды (3-қосымшаның 1-бөлімі);

екінші екі сан - егер ондай болса, алдыңғы кеден режимінің коды. Егер алдыңғы кеден режимі белгісіз болса немесе болмаса (3-қосымшаның 1-бөлімі), онда нольдер қойылады. Егер тауарларды өткізу ерекшеліктері жоғарыда аталған жіктеушіде белгіленбесе, онда нольдер қойылады.

соңғы екі сан - Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы 3-қосымшаның 3-бөлімінде айқындалатын декларацияланатын тауарларды өткізу ерекшеліктерінің коды. 3-қосымшаның 2-бөлімінде мәлімделетін және дәйекті алдағы кедендік режимдердің кодтарынан тұратын кедендік рәсімдердің ұсынылатын комбинациялары көрсетілген.

Мысалы бұрын уақытша әкетілген көрмелік экспонатты әкелу кезінде "3333220" көрсетіледі.

38-баған. "Таза салмағы (кг)".

Бағанда декларацияланатын тауарлардың ол тұтынылғанға дейін тауардан ажырамайтын және онымен бірге тауар бөлшек саудаға ұсынылатын орамымен бірге массасы немесе құю және себу тауарлары үшін жалпы массасы килограммен көрсетіледі. Егер жалпы салмағы бөлшектік бірліктерін қамтитын болса ол дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі үш таңбаға дейін дөңгелектенеді.

Мысалы: 15, 045

Егер тауарлардың жалпы массасы бір килограмнан асса, көрсетілетін мән үтірден кейінгі алты таңбаға дейінгі дәлдігімен көрсетіледі. Мысалы: 0,000001

Электр энергиясын декларациялау кезінде бағанға "0" (ноль) қойылады.

39-баған. "Квота".

Баған тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы еркін өткізілуіне сандық немесе құндық шектеулер белгіленетін тауарлар үшін тоқтырылады:

алынған лицензияға немесе өзге де рұқсатқа сәйкес бөлінген квотаның қалдығы өлшем бірліктерінде көрсетіледі. Тауарлардың декларацияланатын партиясы квота қалдығын айқындау кезінде ескерілмейді.

Мысалы лицензия бойынша бөлінген квота - 10 000 текше метр; тауарлардың декларацияланатын бірінші партиясы - 4 000 текше метр. 39-бағанда - "10 000" көрсетіледі.

Аталған лицензия бойынша бөлінген квотаның есебінен келесі тауарлар партиясын декларация кезінде 39-бағанда квотаның қалдығы көрсетіледі - "6 000".

40-баған. "Жалпы декларация/алдыңғы құжат".

Бағанда оларға сәйкес тауарлар уақытша (мерзімдік, алдын ала) кеден декларациясының және (немесе) оларға сәйкес декларацияланатын тауарлар бұрын алдыңғы кеден режиміне орналастырылған кеден декларацияларының тіркеу номерлері көрсетіледі.

"Алдыңғы құжат" деген 40-бағанда бірден көп номерлері көрсетілсе, бағанға "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазба енгізіледі, ал барлық ақпарат ЖКД-ның сыртқы жағында көрсетіледі.

41-баған. "Қосымша өлшем бірліктері".

Бағанда СЭҚ ТН-дағы "Өлшем бірліктерінің кестесіне" сәйкес 31-бағанның төменгі оң жақ бұрышында көрсетілген тауарлар санының қосымша өлшем бірліктерінің коды қойылады (21-қосымша).

Мысалы:

31-бағандағы тауарлардың атауы - "ҚОЙ ТЕРІЛЕРІ", 30-бағанда мәлімделетін

код - 33 - "410210900", қосымша өлшем бірлігі - "ДАНА". Бағанда қосымша өлшем бірлігінің коды - "796" көрсетіледі.

Егер ЖКД-да декларацияланатын тауарларға қатысты СЭҚ ТН-ге сәйкес тек бір ғана өлшем бірлігі қолданылса, баған толтырылмайды.

42-баған. "Фактуралық құн".

Бағанда тауарлардың іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын, не тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің, санаткерлік қызмет нәтижелерінің қарама-қарсы жеткізілімдерімен өтелетін 22-бағанның сол жақ шағын бөлімінде көрсетілген валютадағы бағасы көрсетіледі.

Шарт немесе тараптардың ниетін растайтын өзге де құжат болмаған жағдайда, не егер декларацияланатын тауардың құндық негізі болмаса, баған толтырылмайды.

Бағанда дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенген шама көрсетіледі.

43 - баған.

Бағанда міндетті түрде кеден органдарының кедендік құнды бағалау мен түзету әдісі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның оң жақ шағын бөлімінде мыналар көрсетіледі:

0 - декларант мәлімдеген тауарлардың кедендік құны түзетілген жоқ;

1 - тауарларды уақытша (шартты түрде) бағалау жүргізілді;

2 - тауарлардың кедендік құны түзетілді;

3 - тауарлардың кедендік құны шығарылғанға дейін түзетілді;

4 - кедендік құн шығарылғаннан кейін түзетілді.

Бағанның оң жақ шағын бөлімінде кедендік құнды анықтау әдісінің номері көрсетіледі.

Кедендік құн тауарлар шығарылғанға дейін түзетілген жағдайда (бұдан әрі - КҚТ), өзгертілген мәліметтер ЖКД-ға енгізілмейді, ал КҚТ-ның нысандары ЖКД-ның ажырамас бөлігі бола отырып жаңадан қабылданған мәліметтерді растайды.

44-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар".

Бағанда кеден мақсаттары үшін қажетті ұсынылатын құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Деректемелердің әрқайсысы жаңа жолдан көрсетіледі және реттік номері болады.

1 номерімен:

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес декларацияланатын тауарларға қатысты лицензиялар, сондай-ақ әскери рұқсат қағаздары мен өзі шығаратын өнімнің сапалық сертификаты туралы мәліметтер ұсынылуы талап

етілсе, лицензиялар туралы мәліметтер көрсетіледі. Лицензияның түпнұсқасы арнайы журналда тіркеледі және одан әрі бақылау үшін кеден органында сақталады. Лицензияланатын тауар басқа кеден органында ресімделген жағдайда лицензияның расталған көшірмесі ұсынылады.

1.1 - лицензияның номері және оның уәкілетті органның берген күні, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі;

1.2 - әскери рұқсаттың номері және берілген күні;

1.3 - өзі өндіретін өнім сапасының сертификаты, берілген күні.

2 номерімен көліктік құжаттың номерлері көрсетіледі.

3 және 4 номерлерімен оларға сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, не оларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кеден режимі өзгеретін ұсынылған шарттар туралы мәліметтер көрсетіледі:

3 - жасалған өтеусіз шарттың және оның қолданылып жүрген қосымшаларының номері және күні;

3.1 - тауарларды жеткізуге арналған шот-проформаның номері және күні;

4 - жасалған өтеусіз шарттың және оның қолданылып жүрген қосымшаларының номері және күні;

4.1 - тауарларды төлеуге және жеткізуге арналған тиісті шоттардың (шот-фактура, инвойс) номерлері және күні;

4.2 - санаткерлік меншік құқығын беру жөніндегі шарттың (лицензиялық шарт, тауарлық белгіні пайдалануға арналған шарт және т.б.) номері;

4.3 - шартты түрде шығарылған жағдайда шартты түрде шығарылған тауарларды тек оған байланысты мұндай жеңілдіктер берілетін мақсаттарда ғана пайдалану туралы міндеттеме көрсетіледі.

Мысалы "4.4 - берілген жеңілдіктерге сәйкес пайдалануға міндеттенеміз".

4.5 - төлем кепілдемелерінің номерлері мен күндері.

5 номерімен тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің, еркін айналым үшін қайта өңдеудің шарттары туралы қорытындының номері мен тіркелген күні көрсетіледі.

6 номерімен, егер тауарлар осы органдардың бақылауына жататын жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының рұқсат ету құжаттарының (рұқсаттардың) санаттары, номерлері және берілген номерлері көрсетіледі. Өнімнің қауіпсіздікке сәйкестілігін растайтын құжаттар, сондай-ақ тауарларға қатысты кеден органдарының шешімдері көрсетіледі (мысалы: хабарламалар, ЖКД беру мерзімін ұзарту туралы шешімдер, сарапшының қ о р ы т ы н д ы с ы) .

7 номерімен кеден төлемдері мен салықтарды төлеу жөніндегі ерекшеліктердің, сыртқы сауда мәмілесі бойынша есеп айырысу жүргізу

ерекшеліктерінің қолданылуын растайтын құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі:

7.1 - кеден төлемдері мен салықтарды төлеуден босату үшін негіздеме болып табылатын және/немесе 36-бағанға сәйкес жеңілдіктер қолдануды растайтын құжаттарды қол қойылған күнін, қысқаша атауы мен номерін (бар кезінде бекіту не ратификациялау туралы құжаттың номері) көрсете отырып әріптік қысқаша таңбалау (15 - қосымша):

Мысалы, "ҚР КК 05.04.03 ж. N401-II" "Әуе қатынасы туралы" "ХК 18.07.96 ж. N86-7 ҚРЗ", "20.09.02 ж. N1208 ҚРЗ", "ҚР ҚМ 14.04.00 ж. N 123/456 хт", "12.06.01 ж. N209-II КК 234-ББ 1-Т 1-ТШ", "ҚР ҰҚ 10.03.00 ж. N378", "Қазақстан Республикасының ИП 19.02.1997 ж. N52"

7.2 - сертификаттың нысанын (А нысанындағы сертификат үшін - "СРТ А"; СТ-1 нысанындағы сертификаттар үшін "СРТ СТ-1") көрсететін тауарлардың шығу сертификаттарын берілген күнін, сертификатты берген уәкілетті органның қысқаша атауын көрсете отырып әріптік таңбалау.

Мысалы "СРТ А 12345, 18.08.93 ж., Түркия СӨП", "СРТ СТ-1 98754, 15.03.94 ж., Ресей СӨП", бұл жерде СӨП - Сауда-өнеркәсіптік палата

7.3 - Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес валюталық операциялар жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық банк лицензиясының номері және берілген күні;

8.1 номерімен егер уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес олар осы бағанның 1-7-тармақтарында аталмаған кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттар болып табылса кедендік ресімдеу үшін оның ішінде аралас шарттарға, кедендік брокердің қызмет көрсетулері туралы шарттарға қажетті өзге де құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

8.2 номерімен құжаттың қысқаша әріптік мәні (15-қосымша) және тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде осы қаулылардың негізінде осыларға қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеу қолданылатын Қазақстан Республикасы қаулыларының күндері көрсетіледі.

Мысалы, "ҚР ҰҚ 30.06.97ж. 1037, ҚРҰҚ 29.11.00ж. 1787".

45 - баған. "Кедендік құн".

Бағанда тауарлардың кедендік құнын айқындау әдісіне сәйкес есептелген 31-бағанда декларацияланатын 22-бағанда мәлімделген валютамен тауарлардың кедендік құны көрсетіледі.

Егер жалпы салмағы бөлшектік бірліктерін қамтитын болса ол дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі таңбаға дейін дөңгелектенеді.

46 - баған. "Статистикалық құн".

Бағанда декларацияланатын тауарлардың CIF - қазақстандық порт немесе CIF - Қазақстан Республикасының шекарасындағы баратын пункт бағаларының

базасына фактуралық құн бойынша келтірілген, ЖКД-ны кедендік ресімдеуге ұсыну күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша АҚШ долларына қайта есептелген (валютаны АҚШ долларына қайта есептеудің тәртібі 16-қосымшада келтірілген) статистикалық құны көрсетіледі.

Бұл ретте егер тауарлар оларға сәйкес жеткізу (баратын) пункттері Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде (мысалы, EXB - ПЕКИН, CIF - БЕРЛИН) болатын жағдайларда сатып алынса, онда фактуралық құнға тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу орнына дейін жеткізу жөнінде қосымша енгізілмеген шығыстар қосылады. Бұл ретте әкелу о р н ы д е п :

1) әуе тасымалдары үшін - баратын әуежай немесе онда тауарларды өткізуші ұшақ қонатын және тауарларды түсіруді жүргізетін Қазақстан Республикасының а у м а ғ ы н д а ғ ы б і р і н ш і ә у е ж а й ;

2) теңіз тасымалдары үшін - республика аумағындағы бірінші түсіру порты н е м е с е қ а й т а т и е у п о р т ы ;

3) почта бойынша жеткізілетін тауар үшін - халықаралық почта алмасу пункті ;

4) басқа көлік түрлерімен - жолдағы бірінші кеден органы түсініледі. Жеткізілу шарттарымен Қазақстан Республикасының кеден аумағында орналасқан (мысалы, CIP - ҚАРАҒАНДЫ) баратын пункт көзделетін жағдайлар үшін фактуралық құннан тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелгеннен кейін жеткізу жөніндегі шығыстар алынып тасталады.

CIF - қазақстандық порт немесе CIP - Қазақстан Республикасының шекарасындағы баратын пункт бағаларының базасына статистикалық құнды есептеу 24-қосымшада келтірілген ұсынылатын алгоритмге сәйкес жүргізіледі.

Бағанда АҚШ долларындағы ЖКД-ның 45-бағанында келтірілген кедендік құн бойынша қайта есептелген тауарлардың статистикалық құны көрсетіледі.

Кері жағдайда алынған мән дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

47-баған. "Кеден төлемдері мен салықтарды есептеу".

Кеден төлемдері мен салықтарды есептеу негізгі парақта және қосымша парақтарда тауардың әрбір атауы үшін көрсетіледі. Бұған ЖКД-ның негізгі парағында ғана есептелетін тауар партиясы үшін бірыңғай ставка қолдану мен кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдарын есептеу қосылмайды.

Бағанға егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес декларацияланатын тауарлар үшін төлемнің осы түрі бойынша ставка мөлшері белгіленбесе, кеден төлемінің түрі жөніндегі мәліметтер енгізілмейді.

Кедендік ресімдегендігі үшін кеден алымдары бөлігіндегі бағандарды толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Тауарларды ресімдегені үшін кеден алым әр тауар үшін негізгі және қосымша парақтарда, қағаз тасушысымен, сондай-ақ электронды көшірмеде толтырылады.

Кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын есептеу әр тауар үшін негізгі және қосымша парақтарда, қағаз тасушысымен, сондай-ақ электронды көшірмеде тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын валюталар айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша есептелген мөлшерде жүргізіледі.

"Түрі" бағанының бірінші колонкасында кеден төлемдері мен салықтардың жіктеушісіне (17-қосымша) сәйкес төлемнің коды көрсетіледі;

"Есептеу негіздері" бағанының екінші колонкасы толтырылмайды;

"Ставка" бағанының үшінші колонкасында кедендік ресімдегені үшін алынатын кеден алымы ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі;

Кедендік ресімдегені үшін кедендік алымдар "Сома"-сы бағанының төртінші колонкасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын валюталар айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша қайта есептелген төлеуге жататын төлемнің сомасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

Кері жағдайда алынған мән дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

Кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарының сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$(Z + N * B) / Kol_{tov} * EURO,$$

бұл жерде, Z - ЖКД-ның негізгі парағын ресімдеу үшін ставканың белгіленген мөлшері, B - ЖКД-ның негізгі парағын ресімдеу үшін ставканың белгіленген мөлшері,

N - қосымша парақтардың саны,

Kol_{tov} - ЖКД-ғы тауарлар атауының саны,

EURO - ЕВРО бағамы.

"ТӘ" (төлем әдісі) - бағанының бесінші колонкасында төлемнің тәсілі көрсетіледі (23-қосымша):

Әкелулік кеден бажын есептеу кезінде бағандарды толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

"Түрі" бағанының бірінші колонкасында 17-қосымшаға сәйкес төлемнің коды көрсетіледі;

"Есептеу негіздері" бағанының екінші колонкасында белгіленген ставкаларға қарай:

1) құнның алынатын ставкалары бойынша әкелулік кеден бажы пайыздарда салынатын тауарлар бойынша - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

айқындалатын валюталар айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша қайта есептелген 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны;

2) физикалық шамасының ұсынылған бірлігінен евро-дағы бейімдік ставкалары бойынша әкелулік кеден бажы салынатын тауарлар бойынша 31-бағанда көрсетілген физикалық шама бірліктерінің жалпы саны;

3) евро-дағы бейімдік ставкалар бойынша әкелулік кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - 38-бағанда көрсетілген таза салмағы көрсетіледі;

4) құрамдастырылған ставкакілер бойынша әкелулік кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын валюталар айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша есептелген 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны, не 31-бағанда көрсетілген физикалық шама бірліктерінің жалпы саны, не 38-бағанда көрсетілген тауардың жалпы таза салмағы.

Құнның алынатын ставкалары бойынша әкелулік кеден бажы пайыздарда салынатын тауарлар бойынша немесе құрамдастырылған және бейімдік ставкалар бойынша әкелулік кедендік баж салынатын тауарлар бойынша екінші бағанда алынған мән үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

"Ставка" бағанының үшінші колонкасында әкелулік кеден бажы ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі;

"Сомма" бағанының төртінші колонкасында есептеу негізін кеден бажы ставкасына айналдыру жолымен есептелетін әкелулік кеден бажының сомасы көрсетіледі;

бөлшектік бірліктерін қамтитын төртінші бағандағы алынған мән дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

"ТӘ" бағанының бесінші колонкасында төлем әдісі көрсетіледі (23-қосымша):

Әкелулік кеден бажды төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу құқығы беру жағдайда ("ТӘ" бағанының бесінші колонкасында тиісінше "КҚ" немесе "ББ" көрсетіледі), "Төлемдерді кейінге қалдыру" 48-баған тоқтырылады.

Акцизді есептеу кезінде бағандарды толтыру әкелулік кеден бажын есептеу кезіндегі толтыруға ұқсас.

Қосымша құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) есептеу кезіндегі бағандарды толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі.

"Түрі" бағанының бірінші колонкасында 17-қосымшаға сәйкес төлемнің коды көрсетіледі;

"Есептеу негіздері" бағанының екінші колонкасында оған осы Ережеге сәйкес есептелген кедендік ресімдегені, әкелулік кеден баждары мен акциздер үшін кеден төлемдерінің сомасы қосылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес айқындалатын валюталар айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша қайта есептелген 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны қойылады, бұл жерде алынған мән дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді;

"Ставка" бағанының үшінші колонкасында ҚҚС ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі;

"Сома" бағанының төртінші колонкасында есептеу негіздері мен ҚҚС сомасын қосу жолымен алынған ҚҚС-тің есептелген сомасы көрсетіледі;

Кері жағдайда алынған мән дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

"ТӘ" (төлем әдісі) - бағанының бесінші колонкасында төлемнің тәсілі көрсетіледі (23 - қосымша).

"Ставка" бағанының үшінші колонкасында оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы келісім-шарттардың тұрақтылығына кепілдік берген Келісім-шарттың күшіне енген күніне әрекет еткен төлемнің және/немесе салықтың ставкасы көрсетіледі.

Мысалы: "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвесторлар мен Қазақстан Республикасының органдары арасындағы келісім-шарттың шарттарында компания кеден төлемдерін келісім-шарт күшіне енген күнінде әрекет ететін заңға тәуелді актілерге сәйкес төлейтіндігі көзделеді. Келісім-шарт күшіне енген күніне "Кеден төлемдерінің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 07.11.95 жылғы N 1479 қаулысы күшінде болғандығын ескере отырып ставка деген колонкада кеден алымның ставкасы 0,2% немесе 0,4% мөлшерінде көрсетіледі.

Егер құрамдас ставка қолданылатын болса, "Ставка" деген колонкада ставканың мәні көрсетіледі (адвалорлық және/немесе ерекшелікті). Бұл ретте, "Есептеу негізі" деген колонкада тиісті жазба көрсетіледі. Мысалы,

Түрі	Есептеу негізі	Ставка	Сомасы	ТӘ
22	75000,00	15%-0,5 ЕВРО	64192,50	ҚҚ

немесе

Түрі	Есептеу негізі	Ставка	Сомасы	ТӘ
22	600,00	20%	17732,40	ҚҚ

Әкелулік кедендік баж, акциз және ҚҚС кеден алымдарының сомаларын есептеу кезінде бағанды толтыру мысалы осы Ереженің 18-қосымшасында келтірілген.

Кедендік алып жүргені үшін кеден алымдары, алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлем, өсімпұлдар, айыппұлдар және өзге де сияқты ҚҚС есебіне кірмейтін кеден төлемдері ЖКД-ға енгізілмейді.

48-баған. "Төлемдерді кейінге қалдыру".

Бағанда кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу құқығы берілген жағдайда кеден баждары мен салықтарды төлеудің түпкілікті мерзімі көрсетіледі.

53-баған. "Кеден және баратын елі".

Бағанда олардың негізінде тауарлар баратын кеден органына кедендік ресімдеуді жүргізу үшін жеткізілетін ішкі кедендік транзит құжаттары туралы мәліметтер көрсетіледі (деректемелердің әрқайсысы жаңа жолдан әрқайсының алдына олардың реттік номері қойыла отырып көрсетіледі):

1) 1 номерімен жеткізілуін бақылау құжатының номері көрсетіледі;

2) 2 номерімен халықаралық жол тасымалдары (бұдан әрі - ХЖТ) кітапшаларының номері, Қазақстан Республикасының шекарасында ХЖТ-ны ресімдеу күні (Қазақстан Республикасына келу күні) және қолдану мерзімінің аяқталу күні көрсетіледі;

3) 3 номерімен қысқаша декларацияның номері көрсетіледі.

Егер 2) және 3) тармақшаларды қоспағанда, тауарларды декларациялау шекарадағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органында жүргізілсе, не тауарлар бұрын өзге кеден режиміне орналастырылса, баған толтырылмайды.

54-баған. "Орны және күні".

Бағанда 14-бағанда көрсетілген кедендік ресімдеу жөніндегі әрекеттерді декларанттың атынан жасауға уәкілетті декларанттың өкілі туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы бағанда мәлімделетін мәліметтер олардың реттік номерлері қойыла отырып жаңа жолдан көрсетіледі.

1 номерімен ЖКД толтырылған орын, күні көрсетіледі;

2 номерімен декларанттың ЖКД-ны толтырған өкілінің тегі және аты-жөні көрсетіледі;

3 номерімен өз атынан кедендік ресімдеу жөніндегі іс-әрекеттерде жасауға арналған сенімхаттың номері мен берілген күні немесе кеден брокері декларациялаған жағдайда - кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестаттың номері көрсетіледі.

4 номерімен декларант өкілінің қызметтік телефонының номері көрсетіледі.

Аталған бағанда көрсетілген мәліметтер мынадай тәртіппен куәландырылады :

егер декларант заңды тұлға болып табылса, мұндай куәландыру декларант өкілінің қолымен және заңды тұлғаның мөрімен жүзеге асырылады. Кеден брокерлері үшін негізгі парақтың сыртқы жағына төменгі сол жақ бұрышына кедендік ресімдеу жөніндегі маманның жеке номерлік мөрі қосымша қойылады;

егер декларант жеке тұлға болып табылса, мұндай куәландыру оның қолымен жүзеге асырылады.

"А" баған. (ЖКД-ның негізгі парағының).

Бағанда декларанттың 14-бағанда көрсетілген қаржылық және банктік мәліметтері көрсетіледі. Осы бағанда мәлімделетін мәліметтер олардың реттік номерлері көрсетіле отырып жаңа жолдан қойылады.

1 номерімен ұлттық валютадағы есеп шотының номері және осы шот ашылған банктің атауы көрсетіледі.

2 номерімен валюталық шоттың номері және валюталық шот ашылған банктің атауы көрсетіледі.

"В" баған. "Есептеудің егжей-тегжейі".

Бағанда 17-қосымшаға сәйкес төлемнің әрбір түрі бойынша осы түр бойынша төлемдердің негізгі парақ және әрбір қосымша парақ жөніндегі төлемдерден тұратын нақты төленген жалпы сомасы, Қазақстан Республикасы валютасының қысқаша атауы, сондай-ақ жасалған төлемді растайтын құжаттың номері мен күні көрсетіледі.

Кеден төлемдерін төлеу бойынша кейінге қалдырулар немесе бөліп-бөліп төлеу құқығы берілген жағдайда, Кеден төлемдерін төленуін қамтамасыз ету түрлерінің жіктеушісіне (19-қосымша) сәйкес кеден төлемдері мен салықтарының төленуін қамтамасыз ету түрі, сондай-ақ оған төлемді қамтамасыз ету берілген жалпы сома мен валютаның қысқаша атауы көрсетіледі.

Бұл ретте 48-бағанда кеден баждарын төлеу бойынша кейінге қалдыру берілген күн көрсетіледі.

Төленген төлемдердің сомасы дөңгелектеу ережелері бойынша бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Егерде кеден төлемдерін төлеу кезінде айрықша ставка Еуроода болса, сондай-ақ бағанда Еуро бағамы көрсетіледі.

Бағанды толтырудың мысалы осы Ережеге 18-қосымшада келтірілген.

"Д" бағаны. "Кедендік бақылау".

Бағандарда "Шығаруға рұқсат етіледі" немесе "Шығаруға тыйым салынады" мөртабандарының таңбалары түрінде тауарларды шығару мәселесі бойынша қабылданған шешім туралы белгілер, сондай-ақ кедендік бақылаудың нәтижелері мен салынған кедендік бірдейлендіру құралдары туралы куәландыратын басқа да белгілер қойылады. Кеден органының жауапты лауазымды адамының тегі көрсетіле отырып декларацияланатын тауарларға қатысты қабылданған шешім туралы белгілер қойылады және көрсетілген адамның қолымен және жеке номерлік мөрімен куәландырылады.

Мөрлер мен мөртабандардың таңбалары анық көрінуі тиіс.

Басқа кеден белгілерін қою үшін ЖКД-ның сыртқы жағын пайдалануға

р ұ қ с а т

е т і л е д і .

ЖКД-ның сыртқы жағына декларант енгізген барлық мәліметтерді кеден органының лауазымды адамы жеке номерлік мөрді мөрдің төменгі шеті қоршалған жазбаның төменгі жиегіне келетіндей етіп қою арқылы жазбаны қамтитын тұйық сызықпен белгілейді.

Қосымша парақтың "С" бағаны:

Бағанда ЖКД негізгі парағының "Д" бағанында белгіні жүзеге асырған кеден органы инспекторының жеке номерлік мөрі, күні және қолы қойылады.

Мөрлер мен мөртабандардың таңбалары анық көрінуі тиіс.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің 2007.07.12 N 188 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3. Экспорт кеден режимінде орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде ЖКД-ны толтыру ережесі

23. Декларант ЖКД негізгі парағының мынадай бағандарын және қосымша парақтардың тиісті бағандарын толтырады:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 50, 54, А (тек ЖКД-ның негізгі парағын) және В.

24. Кеден органының лауазымды адамдары ЖКД-ның негізгі парақтарының бағандарын және қосымша парақтарының тиісті бағандарын толтырады:

7, А (тек қосымша парақтарды), Д және С.

25. 3, 5, 6, 7, 9, 11, 12, 14, 16, 19, 22, 23, 24, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 48, 50, 54, А, В және Д бағандары еркін айналым үшін шығару кеден режимінде орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде ЖТД-ны толтыру ережелеріне сәйкес толтырылады (осы Нұсқаулықтың 2.2. және 2.3-тармақтары).

26. Декларанттың бағанды толтыруының тәртібі.

1-баған. "Декларацияның түрі".

Бағанның бірінші шағын бөлімінде "ЭК" көрсетіледі.

Бағанның екінші шағын бөлімінде 3-қосымшаға сәйкес кеден режимінің екі мәнді коды көрсетіледі;

бағанның үшінші шағын бөлімі осындай жағдайларда толтырылады:

1) шағын бөлімде мерзімдік кедендік декларацияны толтыру кезінде "МДТ";

2) алдын ала декларациялау кезінде - "АД";

3) уақытша декларация толтыру кезінде - "УД" деп көрсетіледі.

2-баған. "Жөнелтуші/экспорттаушы".

Негізгі және қосымша парақтарда бағанда тауарларды жөнелтуші туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер тауарларды жөнелтуші заңды тұлға болып табылса, оның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтитын толық атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Егер жөнелтушінің атынан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі түссе оның атауы, ұйымдық-құқықтық нысанына сілтеме және құрылымдық бөлімшенің заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Егер жөнелтуші жеке тұлға болып табылса, оның тегі және аты-жөні, оның нақты тұратын жері, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес жөнелтушінің БКН көрсетіледі.

Егер алушы шетелдік тұлға болып табылса шетелдік тұлғаның атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес шетелдік заңды тұлға немесе жеке адам санатының тек қана екі таңбалы коды, сондай-ақ 5-қосымшаға сәйкес кедендік ресімдеу органы әкімшілік-аумақтық объектісінің коды (ӘАОК) көрсетіледі.

2-баған. "Жөнелтуші/экспорттаушы".

Негізгі және қосымша парақтарда бағанда тауарларды жөнелтуші туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер тауарларды жөнелтуші тұлға оның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайтын заңды тұлға арқылы тауарларды өз атынан жіберетін тұлға болып табылса, бағанда оның ұйымдық-құқықтық нысанына, тұратын жеріне (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын жүк жөнелтушінің атауы көрсетіледі, одан әрі АРҚЫЛЫ деген жазба жасалады және ол арқылы тауарларды жеткізу жүзеге асырылатын ұйымдық-құқықтық нысанына, тұратын жеріне (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес жөнелтушінің БКН көрсетіледі.

М ы с а л ы ,

"ГАРАНТ ЖШС, АСТАНА ҚАЛАСЫ, ПЕРВОМАЙСКАЯ КӨШЕСІ, 14 ҮЙ ЖАҚСЫ ЖШС АРҚЫЛЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, 7 ҮЙ"

8-баған. "Алушы/импорттаушы".

Бағанда тауарларды алушы туралы мәліметтер: заңды тұлғаның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің атауы (жеке тұлға үшін - тегі және аты-жөні), оның заңды мекен-жайы, оның ішінде ол тұратын елдің қысқаша атауы көрсетіледі.

Тауарларды жеке тұлғалар ресімдеген жағдайда, егер тауарларды алушы белгісіз болған жағдайда, баған толтырылмайды.

Тауарлар Ресей Федерациясынан өткізілген жағдайда, бағанда қосымша облыс/өлке көрсетіледі.

Қосымша парақта баған толтырылмайды.

10-баған. "1-ші межелі елі".

Бағанда тауарды түсіру (қайта тиеу) жүзеге асырылатын елдің коды 6-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

Мысалы: тауарларды экспорттау кезінде межелі елі - Швейцария, тауарды түсіру Баку портында жүргізіледі, тиісінше 1-ші межелі елі - Әзірбайжан (Баку) болып табылады. 10-бағанда "031" елдің коды қойылады.

15 және 15а-бағандары. "Жөнелтуші ел", "Жөнелтуші елдің коды".

Бағанда тиісінше әлем "ҚАЗАҚСТАН" деген қысқаша атауы мен тауарларды жөнелту елінің "398" деген сандық коды көрсетіледі (6-қосымшаға сәйкес).

17 және 17а-бағандар. "Межелі елі", "Межелі елдің коды".

Бағандарда тиісінше ЖКД берілген күні онда тауарлар пайдаланылатын, қолданылатын немесе одан әрі қайта өңдеуге ұшырайтын межелі ел ретінде белгілі елдің қысқаша атауы мен сандық коды 6-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

Межелі ел туралы қандай да бір мәліметтер болмаған жағдайда бағандарда тиісінше "БЕЛГІСІЗ" және "000" (нольдер) деп көрсетіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы/ТКБО".

Бағанда оған Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктіне жеткізу үшін тауарлар тиелу тиіс көлік құралдар, не құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол шағын бөлімінде көлік құралдарының саны қойылады, бөлгіштен (қос нүкте) кейін "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген сілтеме жасалады, ал ЖКД-ның сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атаулары, әуе кемелерінің рейс нөмірлері мен борт нөмірлері, темір жол вагондарының нөмірлері, автокөлік құралдары мен тіркемелердің, жартылай тіркемелерінің тіркеу нөмірлері және тағы басқалар көрсетіледі. Көлік құралдардың номерлерін жазған кезде және басқа бөлгіштерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

Мысалы: ЖКД-ның негізгі бетінде: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"

ЖКД-ның сыртқы жағында:

"18 БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:

P043MAN, P123BOM, P458OMM".

Тауарларды құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізу кезінде сол жақ бөлігінде ТКБО қысқаша атауы: сызықша арқылы Құбыр желісі және электр желілері жіктеуішіне сәйкес (20-қосымша) магистралдық құбыр

желісі немесе электр беру желілері (МГ - магистралдық газ құбыры, ММ - магистралды мұнай құбыры, ЭБЖ - электр беру желілері, ММӨ - магистралды мұнай өнімдері желісі), қос нүкте арқылы Құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының жіктеушісіне (7-қосымша) сәйкес тауарларды беру пунктiнiң немесе пункттерiнiң коды көрсетiледi .

Мысалы : " 1 : МГ - 0 9 1 "

" 1 : МН - 0 0 4 "

" 2 : Л Э П - 0 2 4 , 0 2 5 "

Оң жақ кіші бөлікке көлік құралы/ТКБО 6-қосымшаға сәйкес тіркелген елдің сандық коды қойылады .

Егер тауарлар әр түрлі елдерде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, онда кодтың орнына "999" қойылады.

Егер тауарлар Еуропа Одағының бірден көп елдерінде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, бағанда "097" көрсетіледі.

Көлік құрал тауар ретінде өткізілетін болса, оң жақ кіші бөлікке көлік құрал тіркеуден шығарылғанға дейін тіркелген елдің сандық коды 6-қосымшаға сәйкес қойылады .

Баған тауарлар МКД бойынша декларацияланған жағдайда толтырылмайды. Бұл ретте, баған МКД рәсімін жабу үшін толық ЖКД-ны беру кезінде толтырылады.

20-баған. "Жеткізу шарттары".

Бағанда сыртқы сауда өтемелі мәмілесінің ережелеріне сәйкес жеткізу шарттары мен декларацияланатын тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі:

бағанның бірінші шағын бөлімінде 8-қосымшаға сәйкес жеткізу шартының сандық коды көрсетіледі ;

екінші шағын бөлімінің сол жақ бөлігінде Инкотермс-2000 сәйкес географиялық пункт көрсетіле отырып жеткізу шартының қысқаша әріптік коды көрсетіледі ;

екінші шағын бөлімінің оң жақ бөлімінде валюталық түсімнің түсу мерзімінің немесе 9-қосымшаға сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің, санаткерлік қызмет нәтижелерінің қарама-қарсы жеткізілуі немесе қарама-қарсы жеткізілімдері мерзімінің екі мәнді сандық коды көрсетіледі;

бағанның үшінші шағын бөлімінде осы өтеулі шарттың ережелеріне сәйкес тауарлар үшін қолданылатын есеп нысанының екі мәнді сандық коды (22-қосымша) көрсетіледі ;

екінші шағын бөлімнің оң жақ бөлігі және үшінші шағын бөлім тауарлар өтеусіз негізде жүзеге асырылатын мәлімдемелер бойынша өткізілген жағдайда, баған толтырылмайды.

21-баған. "Шекарадағы көлік құралы/ТКБО".

Бағанда тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы іс жүзінде әкетілетін көлік құралдары, не құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ шағын бөлігінде көлік құралдарының саны қойылады, бөлгіштен (қос нүкте) кейін "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген сілтеме жасалады, ал ЖКД-ның сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атаулары, әуе кемелерінің рейс нөмірлері мен борт нөмірлері, темір жол вагондарының нөмірлері, автокөлік құралдары мен тіркемелердің, жартылай тіркемелердің тіркеу нөмірлері және тағы басқалар көрсетіледі.

Көлік құралдардың номерлерін жазған кезде және басқа бөлгіштерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

Мысалы: ЖКД-ның негізгі бетінде: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"
ЖКД-ның сыртқы жағында:
"18 БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:
P043MAN, P123BOM, P458OMM".

Тауарларды құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізу кезінде сол жақ бөлігінде ТКБО қысқаша атауы: сызықша арқылы Құбыр желісі және электр желілері жіктеуішіне сәйкес (20-қосымша) магистралдық құбыр желісі немесе электр беру желілері (МГ - магистралдық газ құбыры, ММ - магистралды мұнай құбыры, ЭБЖ - электр беру желілері, ММӨ - магистралды мұнай өнімдері желісі), қос нүкте арқылы Құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының жіктеушісіне (7-қосымша) сәйкес тауарларды беру пунктін немесе пункттерінің коды көрсетіледі.

Мысалы: "1: МГ - 091"
"1: МН - 004"
"2: ЛЭП - 024, 025"

Құбыр желісі көлігімен немесе электр желілері бойынша өткізілетін тауарлар аралас тасымалданған жағдайда, бағанда онымен тауар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін көлік құралының атауы көрсетіледі.

Оң жақ шағын бөлімде 6-қосымшаға сәйкес көлік құралдары/ТКБО тіркелген елдің коды қойылады.

Егер тауарлар әр түрлі елдерде тіркелген бірнеше көлік құралдарымен тасымалданса онда кодтың орнына "999" қойылады.

Егер тауарлар Еуропа Одағының бірден көп елдерінде тіркелген бірнеше көлік құралмен тасымалданса, бағанда "097" көрсетіледі.

Көлік құрал тауар ретінде өткізілетін болса, оң жақ кіші бөлікке көлік құрал тіркеуден шығарылғанға дейін тіркелген елдің сандық коды 6-қосымшаға сәйкес қ о й ы л а д ы .

Баған тауарлар МКД бойынша декларацияланған жағдайда толтырылмайды. Бұл ретте, баған МКД рәсімін жабу үшін толық ЖКД-ны беру кезінде толтырылады.

25-баған. "Шекарадағы көліктің түрі".

Бағанда 12-қосымшаға сәйкес 21-бағанда көрсетілген көлік құралдары түрінің коды қойылады.

26-баған. "Ел ішіндегі көліктің түрі".

Бағанда онымен/ол арқылы тауарларды межелі кеден органына тауарларды жеткізу жүзеге асырылған көлік құралы/ТКБО түрінің коды 12-қосымшаға сәйкес қойылады.

28-баған. "Қаржылық және банктік мәліметтер".

Егер өтеулі шарттың ережелеріне сәйкес декларацияланатын тауарлар үшін есеп айырысуларды ақшалай немесе өзге де төлем құралдарын пайдалана отырып немесе тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, санаткерлік қызмет нәтижелерін қарама-қарсы жеткізу нысанында ЖКД-ның 9-бағанында көрсетілген қазақстандық тұлға жүзеге асырылса, баған толтырылады.

Бағанда оның өтеулі шартына сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден режимі өзгертілетін қазақстандық тұлғаның қаржылық және банктік мәліметтері көрсетіледі. Осы бағанда мәлімделетін мәліметтер осы Ереженің 2-бөлімінде келтірілген тиісті бағандарды толтыру ережесіне сәйкес көрсетіледі.

Декларацияланатын тауарларға қатысты мәміле паспорты ресімделмесе баған толтырылмайды.

36-баған. "Преференциялар".

Бағанда кедендік баж қойылымы бекітілгендігіне немесе жоқтығына тәуелсіз преференциялардың, жеңілдіктердің және кеден төлемдері мен салықтарды төлеудің өзге де ерекшеліктерінің жіктеушісіне (14-қосымша) сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөнінде берілген преференциялардың, жеңілдіктердің немесе ерекшеліктердің (бұдан әрі - ерекшеліктер) әріптік к о д т а р ы қ о й ы л а д ы .

м ы н а д а й с ы з б а б о й ы н ш а :

С, П әріптері позицияларды таңбалау үшін келтірілген және преференциялардың, жеңілдіктердің және кеден төлемдерін төлеу жөніндегі өзге де ерекшеліктердің жіктеушісінің тиісті бөлімінде келтірілген әріптік кодтарды қ о ю о р н ы н ғ а н а а й қ ы н д а й д ы .

С П , м ұ н д а т и і с і н ш е :

С - кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын төлеу жөніндегі ерекшеліктің
к о д ы ;

П - әкелулік кеден бажын төлеу жөніндегі ерекшеліктің коды;
Егер декларацияланатын тауарларға қатысты кеден төлемдері мен
салықтарды төлеу жөніндегі ерекшеліктер қолданылмаса, онда тиісті позицияға "
О " ә р і п і қ о й ы л а д ы .

М ы с а л ы :

1) кедендік ресімдегені үшін кедендік алымдар белгіленген тәртіппен
төленеді, тауарлар әкетулік кеден бажын салудан босатылады, бағанға "ОА"
қ о й ы л а д ы ;

2) әкетулік тауарлар кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын төлеуден
босатылған, әкетулік кедендік баж белгіленген тәртіппен төленеді - бағанға тиісті
" А О " қ о й ы л а д ы ;

3) кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар белгіленген тәртіппен төленеді,
әкетулік тауарларға баждан босату таралады, бұл ретте әкетулік кедендік баж
ставкасы белгіленбеген - бағанға "АО" қойылады;

4) кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар және әкетулік кедендік баж
белгіленген тәртіппен төленеді - бағанға "ОО" қойылады.

46-баған. "Статистикалық құн".

Егер тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтеулі
негіздегі сыртқы сауда мәмілесіне сәйкес өткізілсе, бағанда фактуралық құны
бойынша FOB бағалар базасына келтірілген - қазақстандық порт немесе DAF
Қазақстан Республикасының шекарасы (Инкотермс-2000) декларацияланатын
тауарлардың кедендік құны көрсетіледі.

Жеткізу шарттарында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары
жерлердегі жеткізу пункті (мысалы, CIF - Стамбул немесе DAF - Ресей - поляк
шекарасы) көзделетін жағдайлар үшін фактуралық құннан Қазақстан
Республикасының кеден аумағынан әкеткеннен кейін тауарларды жеткізу
жөніндегі шығыстар алынып тасталады.

CIF - қазақстандық кемежай немесе CIP - Қазақстан Республикасының
шекарасындағы межелі пункттің бағалар базасына статистикалық құнды есептеу
24-қосымшада көрсетілген ұсынылған алгоритмге сәйкес жүргізіледі.

Тауарлар сатып алу-сату немесе айырбастаудан ерекшеленетін шартқа сәйкес
әкетілген жағдайда, 45-бағанда келтірілген кедендік құн бойынша қайта
есептелген тауарлардың АҚШ долларындағы статистикалық құны көрсетіледі.

Бөлшектік бірліктері бар алынған мән, егер ол бір АҚШ долларынан көп
болса, дөңгелектеу ережелері бойынша тұтас шамаға дейін дөңгелектенеді.

Статистикалық құнды АҚШ долларына қайта есептеу кезінде ЖКД-ны
кедендік ресімдеуге қабылдаған күнгі Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес айқындалатын нарықтық айырбастау бағамы қолданылады. Валютаны АҚШ долларына қайта есептеу 16-қосымшада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

47-баған. "Кеден баждары мен алымдарын есептеу".

Тауарларды ресімдеген үшін кеден алымдарын есептеу осы Ереженің 2-бөлімінің 47-бағанын толтыру тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Әкетулік кеден бажын есептеу кезінде бағанды толтыру осы Ереженің 2-бөлімінде жазылған әкелулік кеден бажын есептеу кезіндегіге ұқсас жүргізіледі.

Әкетулік кеден бажын есептеу кезінде бағанды толтырудың мысалы осы Ережеге 18-қосымшада келтірілген.

Кеден кодексінің 113-бабында көзделген жағдайда "Д" бағанында тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлеріне әкету кезіндегі жеткізу орны мен мерзімдері көрсетіле отырып лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылған тиісті мөртаңба қ о й ы л а д ы .

" С " б а ғ а н ы .

Бағанда инспектордың жеке нөмірлік мөрімен расталған Қазақстан Республикасының аумағынан шығу кеден органынан тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу орны мен мерзімі көрсетіледі.

Мөрдің таңбасы анық көрінуі тиіс.

4. Кеден қоймасы кеден режиміне орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде ЖКД толтыру ережесі

27. Декларант ЖКД-ның мынадай бағандарын толтырады:

1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 44, 45, 46, 47, 49, 53, 54, А, В.

28. Кеден органдарының лауазымды адамдары 7, С және Д бағандарын толтырады.

29. 2, 3, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 23, 25, 26, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 45, 46, 47, 53, 54, А, В, С және Д бағандары осы Ереженің 2-бөліміне сәйкес толтырылады.

30. 1, 9, 22, 28, 44, 49-бағандарын декларант мынадай ерекшеліктерді ескере о т ы р ы п т о л т ы р а д ы :

1-баған. "Декларацияның түрі".

Бағанның бірінші шағын бөліміне кеден қоймасына:

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды кеден қоймасына орналастыру кезінде "ИМ" көрсетіледі;

Екінші шағын бөлімінде 3-қосымшаға сәйкес кеден режимінің екі мәнді коды к ө р с е т і л е д і ;

алдын ала, мерзімдік декларациялау рәсімі пайдаланылған жағдайда үшінші шағын бөлімде - "АД", "МДК" тиісті көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға".

Тауарларды кеден қоймасына орналастыратын және (немесе) декларацияланатын тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жоғарғы оң бұрышында "N" белгісінен кейін кеден қоймасына тауарларды орналастырған қазақстандық адамның БКН-ы көрсетіледі (4-қосымша).

Егер тауарларды қоймаға шетелдік тұлға орналастырса, жоғарғы оң бұрышта "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес шетелдік заңды тұлға немесе жеке адам санатының тек қана екі таңбалы коды, сондай-ақ 5-қосымшаға сәйкес кедендік ресімдеу органы әкімшілік-аумақтық объектісінің коды (ӘАОК) көрсетіледі.

22-баған. "Валюта және тауарлардың жалпы фактуралық құны".

Сол жақ шағын бөлімде шарттың немесе мәміле жасауды регламенттейтін өзге де келісім валютасының сандық коды кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын 10-қосымшаға сәйкес көрсетіледі;

бағанның оң жақтағы шағын бөлімі толтырылмайды.

28-баған. "Қаржылық және банктік мәліметтер".

Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлғаның қаржылық және банктік мәліметтері көрсетіледі (деректемелердің әрқайсысы жаңа жолдан әрқайсысының реттік нөмірі көрсетіле отырып енгізіледі):

2 - банктің ОКПО коды және үтір арқылы аталған бағанда көрсетілген адам банк шотын ашқан банктің қысқаша атауы, (егер банктің ОКПО коды 8 саннан тұрса, онда ол оң жағынан төрт нольмен толықтырылады);

3 - аталған банкте 2 нөмірімен көрсетілген банктің заңды мекен-жайы;

4 - аталған бағанда көрсетілген тұлғаның есеп-шоты ашылған банктің нөмірі.

44-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар".

3 нөмірімен тауарларды кеден қоймасына орналастырған тұлға мен кеден қоймасы иесінің арасындағы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Қалған мәліметтер тауарларды еркін айналым үшін шығару кеден режимінде орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде бағанды толтыру ережесіне (осы Ереженің 2-тарауы) сәйкес енгізіледі.

49-баған. "Қойманың атауы".

Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

5. Иесі Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылатын кеден қоймасына тауарларды орналастыру кезінде ЖКД толтырудың ерекшеліктері

31. Декларант ЖКД-ның мынадай бағандарын толтырады: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 44, 45, 47, 49, 53, 54, А, В.

32. Кеден органының лауазымды адамы: 7, С және Д бағандарын толтырады.

33. 3, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 17, 17а, 16, 18, 19, 21, 23, 25, 26, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 45, 47, 54, А, В, С және Д бағандары осы Ереженің 2-бөліміне сәйкес толтырылады.

34. 1, 22, 28-бағандары осы Ереженің 4-бөліміне сәйкес толтырылады.

35. 9, 44, 49-бағандары мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады:

9-баған. "Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға".

Осы Ережеде көзделген тәртіппен кеден қоймасына тауарлар орналастырған тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жоғарғы оң бұрышында "N" белгісінен кейін кеден қоймасына тауарларды орналастырған қазақстандық адамның БКН-ы көрсетіледі (4-қосымша).

Егер тауарларды қоймаға шетелдік тұлға орналастырса, жоғарғы оң бұрышта "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес шетелдік заңды тұлға немесе жеке адам санатының тек қана екі таңбалы коды, сондай-ақ 5-қосымшаға сәйкес кедендік ресімдеу органы әкімшілік-аумақтық объектісінің коды (ӘАОК) көрсетіледі.

44-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар".

3 нөмірімен тауарлардың кеден қоймасына тауарларды орналастыратын тұлға мен кеден қоймасының иесі арасындағы шарттың номері мен күні көрсетіледі.

Қалған мәліметтер тауарларды еркін айналым үшін шығару кеден режимінде орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде бағанды толтыру ережесіне (осы Ереженің 2-тарауы) сәйкес енгізіледі.

49-баған. "Қойманың атауы".

Кеден қоймасының иесі болып табылатын кеден органының атауы мен коды көрсетіледі.

6. Тауарлардың қайта импорты кеден режимінде орналастырылған тауарларды декларациялау кезінде ЖКД толтырудың ережесі

36. Декларант ЖКД-ның мынадай бағандарын толтырады:
Егер тауар жөнелтуші оның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайтын, басқа заңды тұлға арқылы тауарды өзінің жеке атынан жөнелтуші болып табылатын тұлға болса, онда бағанда оның ұйымдық-құқықтық нысанындағы сілтемені қамтамасыз ететін, жүк жөнелтушінің атауы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы) көрсетіледі, бұдан әрі АРҚЫЛЫ деген жазба жасалады және сол арқылы тауар жеткізу жүзеге асырылатын ұйымдық-құқықтық нысанындағы сілтемені қамтамасыз ететін заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері (заңды мекен-жайы) көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігіндегі "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес жүк жөнелтушінің БКН көрсетіледі.

М ы с а л ы ,

"ЖШС ГАРАНТ, АСТАНА ҚАЛАСЫ, ПЕРВОМАЙ КӨШЕСІ, 14 ЖШС ЖАКСЫ АРҚЫЛЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, 7".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G021(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк жөнелтушінің КҰЖЖ коды жазылады.

G022(C(80)түр) ашық жерде - жүк жөнелтушінің ұйымдық-құқықтық нысанындағы сілтемені қамтитын толық атауы жазылады бұдан әрі "АРҚЫЛЫ" жазылады және сол арқылы жеткізу жүзеге асырылатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанындағы сілтемені қамтитын атауы көрсетіледі.

G023(C(80)түр) ашық жерде - тауарды жүк жөнелтушінің заңды мекен-жайы жазылады, "қос нүкте" бөлгіші арқылы сол арқылы жеткізу жүзеге асырылатын заңды тұлғаның мекен-жайы көрсетіледі.

G024A(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк жөнелтушінің санаты жазылады.

G024B(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк жөнелтушінің ӘАОК коды жазылады.

G024C(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк жөнелтушінің СТН жазылады.

8-баған. "Алушы/импортаушы".

Бағандағы негізгі және қосымша парақтарда тауар алушы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер тауар алушы заңды тұлға болып табылса, оның ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын оның толық атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Егер алушының атынан оның орналасқан орнынан тысқары орналасқан заңды тұлғаның жеке бөлімшесі (бұдан әрі - заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) тұрса, құрылымдық бөлімшенің атауы мен заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Егер алушы жеке адам болса, оның тегі және аты-жөні, нақты мекен-жайы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін Бірдейлендірілген кедендік нөмірлерді қалыптастырудың жіктеушісіне (4-қосымша) сәйкес алушының бірдейлендірілген кедендік нөмірі (бұдан әрі - БКН) көрсетіледі.

Егер тауарды көрмеге әкелген жағдайда, алушы шетелдік тұлға болып табылса, көрмені өткізуші шетелдік тұлғаның атауы мен мекен-жайы көрсетіледі.

Егер алушы шетелдік тұлға болып табылса, шетелдік тұлғаның атауы мен заңды мекен-жайы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес шетелдік заңды немесе жеке тұлға санаттарының тек екі таңбалы коды, сондай-ақ 5-қосымшаға сәйкес ресімдеген кеден органының әкімшілік-аумақтық объектілерінің коды (ӘАОК) көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G081(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен алушының
Ә К О К к о д ы ж а з ы л а д ы .

G082(C(80)түр) ашық жерде - алушының ұйымдық-құқықтық нысанына
сілтемені қамтитын толық атауы жазылады.

G083(C(80)түр) ашық жерде - тауар алушының заңды мекен-жайы жазылады.

G084A(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен алушының
с а н а т т а р ы ж а з ы л а д ы .

G084B(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен алушының
Ә К О К к о д ы ж а з ы л а д ы .

G084C(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен алушының СТН
ж а з ы л а д ы .

Егер, оның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайтын заңды тұлға арқылы тауарды өз атынан қабылдаған тұлға алушы болып табылса, онда бағанда оның ұйымдық-құқықтық нысанына, орналасқан орнына (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын тауар жүк алушының атауы көрсетіледі, одан әрі АРҚЫЛЫ деген жазба жасалады және ол арқылы тауарларды жеткізу жүзеге асырылатын ұйымдық-құқықтық нысанына, орналасқан орнына (заңды мекен-жайы) сілтемені қамтитын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Бұл ретте, бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес тауар жүк алушының БКН қойылады.

М ы с а л ы ,

"ЖШС ГАРАНТ, АСТАНА ҚАЛАСЫ, ПЕРВОМАЙ КӨШЕСІ, 14 ЖШС
ЖАҚСЫ, АРҚЫЛЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, 7"

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G081(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен нақты алушының
К Ұ Ж Ж к о д ы ж а з ы л а д ы .

G082(C(80)түр) ашық жерде - ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын жүк алушының толық атауы жазылады, бұдан әрі немесе "АРҚЫЛЫ" деген жазба жазылады және ол арқылы жеткізу жүзеге асырылатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын атауы көрсетіледі.

G083(C(80)түр) ашық жерде - тауар жүк алушының заңды мекен-жайы жазылады, "қос нүкте" бөлгіші арқылы сол арқылы жеткізу жүзеге асырылатын заңды тұлғаның мекен-жайы көрсетіледі.

G084A(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк алушылардың санаттары жазылады.

G084B(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк алушының
Ә А О К к о д ы ж а з ы л а д ы .

G084C(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен жүк алушының
С Т Н ж а з ы л а д ы .

14 - баған. " Декларант " .

Бағанда жеке өз атынан кедендік мақсаттар үшін қажетті ЖКД-да мәлімдеген мәліметтер, тауар декларанты туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер, декларант қазақстандық заңды тұлға болып табылса, оның ұйымдық-құқықтық нысанына және заңды мекен-жайына сілтемені қамтитын оның толық атауы көрсетіледі.

Егер, декларант атынан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі түссе, оның ұйымдық-құқықтық нысанына және құрылымдық бөлімшенің заңды мекен-жайына сілтемені қамтитын атауы көрсетіледі.

Егер, декларант қазақстандық жеке адам болып табылса, оның тегі және аты-жөні, нақты мекен-жайы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер, декларант шетелдік тұлға болып табылса, онда оның ұйымдық-құқықтық нысанына және оның мекен-жайына сілтемені қамтитын оның толық атауы көрсетіледі.

Егер, декларант кедендік брокері болып табылса, оң жақ жоғары бұрышта кедендік брокер ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның номері мен күні қосымша көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 4-қосымшаға сәйкес декларанттың БКН көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G141(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен декларанттың
Ә А О К к о д ы ж а з ы л а д ы .

G142(C(80)түр) ашық жерде - декларанттың ұйымдық-құқықтық нысанына сілтемені қамтитын толық атауы жазылады.

G143(C(80)түр) ашық жерде - тауар декларантының заңды мекен-жайы жазылады.

G144A(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен декларанттың саясаттары жазылады.

G144B(C(2)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен декларанттың ЭАОК коды жазылады.

G144C(C(12)түр) ашық жерде - 4-қосымшаға сәйкес БКН-нен декларанттың СТН жазылады.

G144D(C(15)түр) ашық жерде - кедендік брокер ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның номері жазылады.

G145(D(8)түр) ашық жерде - кедендік брокер ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның күні жазылады.

18-баған. "Көліктік құрал/жөнелту кезіндегі ТКБО".

Бағанда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде тауарды тиеу жүргізілген алғашқы өткізу пункттерінен оларды өткізу үшін құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желісі бойынша өткізілетін көліктік құралдары туралы не тауарларды кедендік бақылау орны туралы (ТКБО) мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ бөлігінде көлік құралының саны жазылады, (қос нүкте) бөлгішінен кейін "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" көрсетіледі, ЖКД сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атауы, әуе кемелері рейстерінің номері мен борт номерлері, теміржол вагондарының номері, автокөлік құралдарының, тіркемелері мен жартылай тіркемелерінің және т.б. тіркеу номерлері көрсетіледі. Көлік құралдарының номерлерін жазған кезде ашық орын және басқа да бөлгіштерді пайдалануға жол берілмейді.

Мысалы,

ЖКД негізгі парағында: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"

ЖКД сыртқы жағында: "18 БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:
P043МАН, P123BOM, P458ОММ"

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G181 (C(40)түр) ашық жерде "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады және деректер сыртқы жағына шығарылады және файлда сыртқы жағы мынадай тәртіппен көрсетіледі:

Тауар номері (G32)	Ашық жер атауы (FIELDNAME)	Ескертпе (D01)
1	G181	001. P043МАН
1	G181	002. P123BOM

1	G181	003. P458OMM
2	G181	001. P123BOM
2	G181	002. P458OMM

21-баған. "Көлік құралы/шекарадағы ТКБО".

Бағанда құбыр желісі көлігімен немесе электр беру желісі бойынша өткізілетін декларацияланатын тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы іс-жүзінде өткізген көлік құралдары туралы, не тауарларды кедендік бақылау орны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның сол жақ бөлігінде көлік құралының саны жазылады, (қос нүкте) бөлгішінен кейін "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" көрсетіледі, сыртқы жағында теңіз немесе өзен кемелерінің атауы, әуе кемелері рейстерінің номері мен борт номерлері, теміржол вагондарының номері, автокөлік құралдарының, тіркемелері мен жартылай тіркемелерінің және т.б. тіркеу номерлері көрсетіледі. Көлік құралдарының номерлерін жазған кезде ашық орын және басқа да бөлгіштерді пайдалануға жол берілмейді.

М ы с а л ы ,

ЖКД негізгі парағында: "3: СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ"

ЖКД сыртқы жағында: "18 БАҒАННЫҢ ЖАЛҒАСЫ:
P043МАН, P123BOM, P458OMM".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:
G211 (C(40)түр) ашық жерде "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады және деректер сыртқы жағына шығарылады және файлда сыртқы жағы мынадай тәртіппен көрсетіледі:

Тауар номері (G32)	Ашық жер атауы (FIELDNAME)	Ескертпе (D01)
1	G181	001. P043МАН
1	G181	002. P123BOM
1	G181	003. P458OMM
2	G181	001. P123BOM
2	G181	002. P458OMM

23 - баған. "Валюта бағамы".

Бағанда белгілі кедендік режиммен ЖКД мәлімдеген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген валютаны айырбастаудың рыноктік бағамы көрсетіледі:

22-бағанның сол жақ кіші бөлігінде көрсетілген валюта бағамы, бөлгіш арқылы АҚШ долларының бағамы.

31-баған. "Жүк орны және тауар сипаты".

31 БАҒАН 1 НОМЕРМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

1 номермен декларацияланатын тауарлардың сипаты нақты көрсетіледі: декларацияланатын тауарлардың негізгі сандық және сапалық параметрлерін (стандарттары, сорты, маркалары, модельдері, артикльдері, фирмалық атауы және т.б. мінездемелерін) айқындайтын атауы, олардың техникалық және негізгі коммерциялық мінездемесі, СЭҚ ТН Интерпретациялаудың негізгі ережесіне сәйкес СЭҚ ТН белгіленген он таңбалы кіші субпозициясына оларды ғана жатқызатын және кедендік мақсаттар үшін декларацияланатын тауарларды бірдейлендіруге мүмкіндік беретін.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тауардың жекелеген санаттарына арнайы талаптарды белгілеуі мүмкін.

Мысалы: 31-бағанда - 3303001000 тауар коды көрсетіледі:

1) "ДУХИ "КРИСТИНА" (ФАБРИКА "ДЗИНТАРС"), ФЛАКОНЫ, 75 МЛ. 400 ДАНА".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

ЖКД 31-бағанында 1 номермен көрсетілген мәліметтер ЖКД ЭК G312 (C(150) түр) ашық жерде жазылады 31 БАҒАН 2 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

2 номермен жүк орындарының саны, олардың орамдары мен маркировкалары туралы мәліметтер, сондай-ақ бір жүк орынының ішіндегі тауарлардың саны, орамы, өлшеп оралғандар және маркілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мысалы: 2) "12 ҚОРАП".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G311(N(5) түр) ашық жерде жүк орынының саны көрсетіледі.

G313 (C(50) түр) ашық жерде жүк орынының түрі, олардың орамдары мен маркілері туралы мәліметтер, сондай-ақ бір жүк орынының ішіндегі тауарлардың саны, орамы, өлшеп оралғандар және маркілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

31 БАҒАН 3 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

3 номермен тек контейнерлермен тасымалданатын тауарлар үшін, контейнерлердің саны және (қос нүкте) бөлгішінен кейін - олардың номері көрсетіледі.

Мысалы: 3) "3: MMSU 7534674, MMSU 7123456, MMSU 7543561".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G3160 (N(3) түр) ашық жерде контейнерлер саны көрсетіледі.

G3161 (C(50) түр) ашық жерде үтір арқылы санамаланған контейнерлердің номері көрсетіледі, егер ақпарат саны жол бойынан асса, онда жол соңында " СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады және электронды көшірменің сырт жағын толтыру ережесіне сәйкес барлық қалған деректер сырт жағына көшіріледі.

31 БАҒАН 4 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

4 номермен тек маркіленген акциздік тауарлар үшін (қос нүкте) бөлгіші арқылы акциздік алым маркасының сериясы, саны мен номері көрсетіледі.

М ы с а л ы ,

"СГ:1020:0000001-0000900,0001020-0001140; АА:100:1512171-1512271".

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G313 (C(50)түр) ашық жерде сыртқы жағында Арнайы символдан кейін <4> акциздік марканың сериясы көрсетіледі.
Арнайы символдан кейін <4С> акциздік марканың саны көрсетіледі.
Арнайы символдан кейін <4В> акциздік марканың номері көрсетіледі.

Мысалы:

Тауар номері (G32)	Ашық жер атауы (FIELDNAME)	Ескертпе (D01)
1	G313	001.<4>СГ
1	G313	002.<4С>1020
1	G313	003.<4В>0000001-0000900,0001020-0001140;
1	G313	004.<4>АА
1	G313	005.<4С>100
1	G313	006.<4В>1512171-1512271

31 БАҒАН 5 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

5 номерімен экспорттаушы-ел болып табылатын, жөнелтуші елдің кеден органдары ресімдеген экспорттық ЖКД номері көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G317IZG (C(50)түр) ашық жерде тиісті экспорттаушы елдің ЖКД формат номерін сақтаумен экспорттық ЖКД номері көрсетіледі.

G317IZG ашық жолында 5 номерімен 31-бағанда 1 (бірден) көп номерлер көрсетілсе, бағанда: "СЫРТҚЫ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады, ал барлық ақпарат ЖКД-ның сыртқы жағында жазылады.

ТМД РӘСІМДЕУ КЕЗІНДЕ 31 БАҒАНДЫ ТОЛТЫРУДЫҢ
Е Р Е К Ш Е Л І К Т Е Р І :

МКД рәсімі пайдаланылған жағдайда, толық ЖКД-ны беру кезінде декларант тауарларды 6 номерімен міндетті түрде МКД белгісін, жеткізу жүзеге асырылған уақыт кезеңін көрсете отырып " _____ ішіндегі жеткізілім" деген жазбаны қосымша жазады. Бұл ретте толық жүк кеден декларациясына мерзімдік ЖКД-ның анықтамалық номері беріледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G312 (C(150)түр) ашық жерде - жол соңында тиісінше МКД, " _____ үшін жеткізу" деген жазу жазылады.

33 - баған. "Тауар коды".

Бірінші кіші бөлімде СЭҚ ТН бойынша тауардың жіктеуші коды көрсетіледі. Құрылымдық код арасы ашылмай және өзге де бөлгіш белгілерсіз жазылады.

Екінші кіші бөлім екі бөліктен тұрады: бірінші оларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданған тауарлар үшін арналған символ, келесі екі символ - тауарлар туралы қосымша ақпараттар үшін. 26-қосымшаға сәйкес толтырылады.

М ы с а л ы ,

"S01", мұнда S - тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан еркін, 01 - акциздік тауар.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:
G330 (C(3)түр) ашық жерде - Бұйрықтың 26-қосымшасына сәйкес "S01" әрпі ж а з ы л а д ы .

Егер, декларацияланатын тауарларда санаткерлік меншік объектілері бар, тауарлар тізіліміне енгізілген, санаткерлік меншік объектілерінің белгілері бар болса, үшінші кіші бөлімде "C" (санаткерлік меншік) әрпі жазылады.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:
G331 (C(2)түр) ашық жерде - "C" әрпі жазылады.

" 4 3 " б а ғ а н .

Бағанда бағалау әдісі және кедендік құнды түзету туралы мәліметтер к ө р с е т і л е д і .

Бағанның сол жақ кіші бөлімінде жазылады:

"0" - декларант мәлімдеген тауардың кедендік құны түзетілген жоқ;

"1" - тауарды уақытша (шартты түрде) бағалау жүргізілді;

"2" - тауардың кедендік құны түзетілді.

Бағанның оң жақ кіші бөлімінде кедендік құнды айқындау әдісінің номері к ө р с е т і л е д і .

Тауар шығарылғаннан кейін кедендік құнды түзеткен (бұдан әрі - КҚТ) жағдайда, өзгертілген мәліметтер ЖКД енгізілмейді, ал КҚТ формасы ЖКД ажырамас бөлігі болып, жаңадан қабылданған мәліметтерді растайды.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G43 (C(1)түр) ашық жерде - кедендік құнды түзету белгілері жазылады.

Кедендік құнды айқындау әдісінің номері толтырылмайды.

44-баған. "Қосымша ақпараттар/ұсынылатын құжаттар".

44 БАҒАН 1 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

1 номермен егер, декларацияланатын тауарларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес лицензия ұсыну, сондай-ақ әскери рұқсат туралы мәлімет және меншікті өндіріс өнімінің сапасына сертификат талап етілсе, лицензиялар туралы мәліметтер көрсетіледі:

1.1 - уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияның номері мен күні, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі;

1.2 - берілген әскери рұқсаттың номері және күні;

1.3 - меншікті өндіріс өнімдеріне сапа сертификатының берілген күні.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G441A (C(17)түр) ашық жерде - уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияның номері көрсетіледі

G441B (D(8)түр) ашық жерде - лицензия берілген күн көрсетіледі

G441C (D(8)түр) ашық жерде - лицензияны қолдану мерзімі көрсетіледі

Егер, лицензиялардың номері біреуден көп болса, онда ашық жерде G441A (C(17)түр) ашық жерде "СЫРТ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады, ал мынадай талаптар сақтала отырып барлық мәліметтер сыртқы жағына көшіріледі :

G441A (C(17)түр) ашық жерде сыртқы жағында:

Арнайы символдардан кейін <1> лицензия номері көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <1D> лицензия берілген күн көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <1S> лицензияның қолданылу мерзімі көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <2> әскери рұқсат номері көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <2D> әскери рұқсат берілген күн көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <3> меншікті өндіріс өніміне сапа сертификатының номері көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <3D> меншікті өндіріс өніміне сапа сертификаты берілген күн көрсетіледі.

Мысалы:

Тауар номері (G32)	Ашық жер атауы (FIELDNAME)	Ескерту (D01)
1	G441A	001. <1>WE54646464
1	G441A	002. <1D>02.05.03
1	G441A	003. <1S>02.11.03
1	G441A	004. <1>SD44005801
1	G441A	005. <1D>10.05.04
1	G441A	006. <1S>30.11.04
2	G441A	001. <2>S014758
2	G441A	002. <2D>10.05.03
2	G441A	003. <3>S1345 G23545
2	G441A	004. <3D>01.03.04

мұнда WE54646464, SD44005801-лицензия номерлері; 02.05.03, 10.05.04 - лицензия берілген күн; 02.11.03, 30.11.04 - лицензияның қолданылу мерзімі.

S014758 - әскери рұқсат номері; 10.05.03 - әскери рұқсат берілген күн; S1345 - меншікті өндіріс өніміне сапа сертификатының номері; 01.03.04 - меншікті өндіріс өніміне сапа сертификаты берілген күн.

44 БАҒАН 3 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

3 және 4 номерлермен оларға сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін не оларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлардың кедендік режимі өзгертілетін ұсынылған шарттар туралы мәліметтер көрсетіледі:

3.1 - өтеусіз шарттар және оған қолданыстағы толықтырулар қорытындысының номері мен күні;

3.2 - тауарларды жеткізуге арналған проформа-шот номері және күні; ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

Сырт жағындағы G443 (C(50)түр) ашық жер үшін:

Арнайы символдардан кейін <1> тауарларды жеткізуге арналған проформа-шот номері көрсетіледі;

Арнайы символдардан кейін <1D> тауарларды жеткізуге арналған проформа-шот күні көрсетіледі;

44 БАҒАН 4 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

4.1 - өтеулі шарттар және оған қолданыстағы толықтырулар қорытындысының номері мен күні;

4.2 - тауарларды төлеуге және жеткізуге арналған тиісті шоттардың (шот - фактура, инвойс) номері және күні, сондай-ақ кедендік құнды растау үшін қажетті өзге де құжаттар;

4.3 - санаткерлік меншікке арналған құқықты беру жөніндегі шарттың номері (лицензиялық шарт, тауарлық белгіні пайдалануға арналған шарт және т.б.);

4.4 - осындай жеңілдіктер ұсынылуына байланысты мақсаттарда ғана шартты шығарылған тауарларды пайдалану туралы міндеттеме шартты шығару жағдайында көрсетіледі.

Мысалы: "4.4 - ұсынылған жеңілдіктерге сәйкес пайдалануға міндеттенеміз".

4.5 - төлем тапсырмасының номері мен күні.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

Сырт жағындағы G444A (C(70)түр) ашық жер үшін:

Арнайы символдардан кейін <2> тауарларды төлеуге және жеткізуге арналған тиісті шоттардың (шот-фактура, инвойс) номері көрсетіледі;

Арнайы символдардан кейін <2D> тауарларды төлеуге және жеткізуге арналған тиісті шоттардың (шот-фактура, инвойс) күні көрсетіледі;

Арнайы символдардан кейін <3> санаткерлік меншікке арналған құқықты беру жөніндегі шарттың (лицензиялық шарт, тауарлық белгіні пайдалануға арналған шарт және т.б.) номері көрсетіледі;

Арнайы символдардан кейін <3D> санаткерлік меншікке арналған құқықты беру жөніндегі шарттың (лицензиялық шарт, тауарлық белгіні пайдалануға арналған шарт және т.б.) күні көрсетіледі;

Арнайы символдардан кейін <4> осындай жеңілдіктер ұсынылуына байланысты мақсаттарда ғана шартты шығарылған тауарларды пайдалану туралы міндеттеме шартты шығару жағдайында көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <5> төлем тапсырмасының номері көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <5D> төлем тапсырмасының күні көрсетіледі.

Егер, төлем тапсырмасы біреуден көп болса, онда файлдың сырт жағында оларға тиісті номері мен күні әр жолда жеке-дара бір-бірден көрсетіледі.

44 БАҒАН 9 НОМЕРІМЕН КӨРСЕТІЛЕДІ:

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу кеден режимімен орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде

Декларант 9 номермен (кедендік брокер декларациялаған кезде - өкілді тұлға) мынадай формада кері әкету мерзімін көрсетеді:

"9 - КЕРІ ӘКЕТУ МЕРЗІМІ - кк.аа.жж. ДЕЙІН", мұнда кк.аа.жж - күні, айы және жылдың соңғы екі саны.

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кеден режимімен орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде.

Декларант 9 номермен (кедендік брокер декларациялаған кезде - өкілді тұлға) мынадай формада кері әкелу мерзімін көрсетеді: "9 - КЕРІ ӘКЕЛУ МЕРЗІМІ - кк.аа.жж. ДЕЙІН", мұнда кк.аа.жж - күні, айы және жылдың соңғы екі саны.

Тауарларды кеден аумағынан тысқары жерде қайта өңдеу кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде.

44-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар":

9 номермен - қайта өңдеу өнімдерін әкелу мерзімі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

Барлық жағдайда, ЖКД 44-бағанында 9 номер бойынша көрсетілген мәліметтер:

G448A (C(50)түр) ашық жерде <9> арнайы символдан кейін Бұйрықтағы талаптарға сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

G448B (D(8)түр) ашық жерде тауарлар немесе қайта өңдеу өнімдерін кері әкелу/әкету мерзімдері көрсетіледі.

47-баған. "Кедендік баждар мен алымдарды есептеу".

ЖКД электронды көшірмесін толтыру үшін қажетті кедендік баждар мен алымдар ставкасын 47-бағанда көрсету кезінде өлшем бірліктері мен валюталардың мынадай қысқартылған атауларын қолдану:

Атауы	Қысқаша атауы
ЕВРО	Е

ТЕҢГЕ	Т
ТОННА	Т
ДАНА	ДАНА
ЛИТР	Л
ЖҰП	ЖҰП
КВАДРАТ МЕТР	М ²
САНТИМЕТР КУБ	СМ ³
ГРАММ	Г
КИЛОГРАММ	КМ

мысалы, кедендік баждар мен алымдардың ставкалары бар болған кезде ЖКД электронды көшірмесі былай толтырылады:

БІР ЛИТРҒА 3,5 ЕВРО	3,5Е/Л
БІР ЛИТРҒА 30 ТЕҢГЕ	30Т/Л
БІР ЖҰПҚА 0,5+15% ЕВРО	0,5+15%Е/ЖҰП
БІР КУБ САНТИМЕТРГЕ 0,5 ЕВРО	0,5Е/СМ ³
БІР ДАНАҒА 5 ЕВРО	5Е/ДАНА
БІР МЕТРГЕ 2 ЕВРО	2Е/М ²
МЫҢ ДАНАҒА 3 ЕВРО	3Е/1000ДАНА
БІР КИЛОГРАМҒА 10 ЕВРО	10ЕВРО/КГ

В баған. "Есептеудің егжей-тегжейі".

Тауарларды еркін айналым үшін шығару кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде.

Бағанда Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының қысқаша атауы, негізгі парақ және әрбір қосымша парақ бойынша төлемдерден тұратын, аталған түрі бойынша іс-жүзінде төленген төлемнің жалпы сомасы, сондай-ақ жүргізілген төлемді растайтын құжаттың номері мен күні 17-қосымшаға сәйкес төлемнің әрбір түрі бойынша бөлек көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады.

Жүргізілген төлемді растайтын құжаттың номері мен күні толтырылмайды.

53-баған. "Кеден және межелі ел".

Тауарларды еркін айналым үшін шығару кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды декларациялау кезінде.

Бағанда соның негізінде кедендік ресімдеуді жүргізу үшін межелі кеден органына тауарлар жеткізілген ішкі кедендік транзит құжаттары туралы мәліметтер көрсетіледі (олардың әр қайсысының алдына реттік номері көрсетіле отырып, реквизиттердің әрқайсысы жаңа жолдан көрсетіледі):

- 1) 1 номерімен жеткізуді бақылау құжатының номері көрсетіледі;
- 2) 2 номерімен халықаралық жол тасымал (бұдан әрі - ХЖТ) кітапшасының

номері, Қазақстан Республикасының шекарасында ХЖТ ресімдеу күні (Қазақстан Республикасына кірген күні) және қолданылу мерзімінің аяқталу күні;

3) 3 номерімен қысқаша декларация номері көрсетіледі.

53-бағанда "Кеден және межелі ел" көрсеткен кезде номерлер 1(біреуден) көп болса, бағанда "СЫРТ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ" деген жазу жазылады, ал барлық ақпараттар ЖКД сырт жағында көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G531 (C(19)түр) ашық жер үшін файлдың сырт жағында мынадай жазу ж а з ы л а д ы :

Арнайы символдардан кейін <3> қысқаша декларация номері көрсетіледі.

54-баған. "Орны және күні".

Бағанда декларант атынан кедендік ресімдеу бойынша іс-әрекетті жүргізуге уәкілетті, 14-бағанда көрсетілген декларанттың өкілі туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл бағанда мәлімделген мәліметтер, олардың реттік номері қойыла отырып жаңа жолдан көрсетіледі:

1 номерімен ЖКД толтырылған орыны, күні көрсетіледі;

2 номерімен ЖКД толтырған, декларант өкілінің тегі және аты-жөні көрсетіледі;

3 номерімен өз атынан кедендік ресімдеу бойынша іс-әрекеттік жүргізуге берілген сенімхаттың номері мен күні немесе кеден брокері декларациялаған кезде - кедендік ресімдеу бойынша маманның біліктілік аттестатының номері көрсетіледі;

4 номерімен декларант өкілінің қызметтік телефонының номері көрсетіледі.

ЖКД электронды көшірмесі мынадай тәртіппен толтырылады:

G541 (C(30)түр) ашық жер үшін файлдың сыртқы жағында 2, 3, 4 номерлерімен мәліметтер көрсетіледі, бұл ретте әртүрлі тармақтар бойынша мәліметтер бөлек жолға жазылады.

Арнайы символдардан кейін <2> ЖКД толтырған, декларант өкілінің тегі және аты-жөні көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <3N> өз атынан кедендік ресімдеу бойынша іс-әрекеттік жүргізуге берілген сенімхаттың номері мен күні немесе кеден брокері декларациялаған кезде - кедендік ресімдеу бойынша маманның біліктілік аттестатының номері көрсетіледі.

Арнайы символдардан кейін <3D> өз атынан кедендік ресімдеу бойынша іс-әрекеттік жүргізуге берілген сенімхаттың күні.

Арнайы символдардан кейін <4> декларант өкілінің қызметтік телефонының номері көрсетіледі.

Б ұ д а н б а с қ а :

47-баған. "Кедендік баждар мен алымдарды есептеу".

В баған. "Есептеудің егжей-тегжейі".

47-бағанда "Кедендік баждар мен алымдарды есептеу" және В бағандағы "Есептеудің егжей-тегжейі" төлемдердің ЖКД ЭК толтыру кезінде төлемдердің жеке түрлері үшін арнайы арналған ашық жерлерінде, сондай-ақ резервтік ашық жерлерде көрсетіледі. Бұл ретте, қолда бар ашық жерлерді кез келген төлемдердің түрлерін енгізу үшін пайдалануға болады.

47-баған үшін ашық жерлер:

G471, G471A, G471B, G471C, G471D, G471F, G471G, G471H,
G472, G472A, G472B, G472C, G472D, G472F, G472G, G472H,
G473, G473A, G473B, G473C, G473D, G473F, G473G, G473H,
G474, G474A, G474B, G474C, G474D, G474F, G474G, G474H,
G475, G475A, G475B, G475C, G475D, G475F, G475G, G475H

әр тауар бойынша есептелген кедендік төлемдер мен салықтардың 8 түрін жазуға болады, бұл ретте төлемдерді енгізу дәйектігі еркін.

"В" бағаны үшін ашық жерлер:

GB11, GB12, GB13,
GB21, GB22, GB23, GB24, GB25,
GB31, GB32, GB33, GB34, GB35, GB36, GB37, GB38,
GB41, GB42, GB43, GB44, GB45, GB46, GB47, GB48,
GB51, GB52, GB53, GB54, GB55, GB56, GB57, GB58,
GB61, GB62, GB63, GB64, GB65, GB66, GB67, GB68,
GB71, GB72, GB73, GB74, GB75, GB76, GB77, GB78,
GB81, GB82, GB83, GB84, GB85, GB86, GB87, GB88

әр тауар бойынша есептелген кедендік төлемдер мен салықтардың 8 түрін жазуға болады, бұл ретте төлемдерді енгізу дәйектігі еркін.

"Тауарлар мен көлік құралдарын

декларациялау туралы"

Қазақстан Республикасының

Кедендік бақылау комитеті

төрағасының

2003 жылғы 20 мамырдағы

№ 219 бұйрығымен

бекітілген

**Кеден операцияларының басқа кеден органының
қызмет аймағында жасалғандығы туралы хабарламаны
тіркеу ережесі және оның нысаны**

Ескерту. Ереже алынып тасталды (2003.05.20 N 219 бұйрықтың 1-тармағы 2) тармақшасын қараңыз) - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005.08.12 N 188 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау комитеті
төрағасының
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 219 бұйрығымен
бекітілген

Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен өткізу кезінде жолаушылардың кеден декларациясын ресімдеудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен өткізу кезінде жолаушылардың кеден декларациясын ресімдеудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 265 , 379-баптарына сәйкес әзірленді және жолаушылардың кеден декларациясының нысаны мен оны толтырудың тәртібін айқындайды. Қараңыз.К100296

2. Жолаушылардың кеден декларациясын пайдалана отырып декларациялаудың тәртібі

2. Белгіленген нысандағы (1-қосымша) жолаушылардың кеден декларациясын толтыруды тауарларды өткізуші тұлға, не кәмелетке толмаған адамның атынан тауарды декларациялауға уәкілетті тұлға, сондай-ақ бірге алып жүретін жүкпен өткізілетін тауарларды декларациялауға арналған сенімхаты бар тұлға өз қолымен жүргізеді.

3. Жолаушылардың кеден декларациясы екі данада толтырылады.

4. Егер декларацияға жеке тұлғалар өткізетін барлық тауарлар туралы мәліметтер симаған жағдайда, онда декларацияның белгіленген нысандағы (2-қосымша) қосымша парақтары пайдаланылады.

5. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізетін әрбір жеке тұлғаға жолаушылардың кеден декларациясын пайдалана отырып декларациялау мүмкіндігі берілуі тиіс.

6. Егер жолаушылардың кеден декларациясында оларға қатысты Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен жүк кедендік декларацияны қолдана отырып жалпы тәртіппен декларациялау көзделетін тауарлар туралы мәліметтер мәлімделсе, онда жолаушылар декларациясын толтыру тауарларды өткізуші тұлғаны мұндай декларациялау міндетінен босатпайды.

7. Жеке тұлғаның белгіленген жазбаша нысан бойынша міндетті жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың бар екендігі туралы мәліметтерді декларацияламауы ол Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін қол жүгінде және жол жүгінде мұндай тауарлардың жоқтығы туралы мәлімдеу ретінде қарастырылады.

8. Бірге алып жүрмейтін жол жүгін (бұдан әрі - БЖЖ) ресімдеу кезінде қоса берілетін келулік кеден декларациясының қайталап пайдаланылуын болдырмау мақсатында аталған құжат түпнұсқасының "Қызметтік белгілер үшін" деген бағанына кеден органының лауазымды адамы жол жүгінің түбіртектерінің, жол құжаттарының немесе басқа да құжаттарының нөмірлері мен күндерін көрсете отырып олардың ресімделгендігі туралы: "БЖЖ ресімделді" деген белгі соғады.

3. Жолаушылардың кеден декларациясының тармақтарын (бағандарын) толтыру тәртібі

9. Декларацияда тиісті тармақтарда көзделген мәліметтер көрсетіледі.

10. "Келу", "кету" және "транзит" шаршыларында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жол жүретін тұлғаның тауарларды өткізу бағыты тиісті шаршыны сызып тастау жолымен көрсетіледі - тиісті шаршыны сызып тастау келісу жауабын, сызыптастамау - теріс жауапты білдіреді; тауарларды транзитпен өткізу кезінде декларант өткізудің бағытын да көрсетеді, яғни "транзит" шаршысынан басқа - "келу" немесе "кету" деген тағы бір шаршыны сызады.

11. "Тұлға туралы мәліметтер" деген 1-бөлімде толығымен: тегі, аты және әкесінің аты, тұрғылықты тұратын елі, азаматтығы, төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжатының нөмірі, жөнелту елі, баратын елі, бірге жүретін адам кеден шекарасы арқылы жол жүру кезінде кәмелетке толмаған балалардың бар-жоқтығы және олардың саны көрсетіледі.

12. "Жол жүгінің бар-жоқтығы туралы мәліметтер" 2-бөлімінде мыналар көрсетіледі:

1) 2.1-тармағында жеке тұлғада кеден органына жолаушылар декларациясын берумен бір мезгілде ұсынылуы мүмкін жол жүгінің бар екендігі, не жоқтығы көрсетіледі. Ол болған жағдайда орындардың саны көрсетіледі;

2) 2.2-тармақта - жеке тұлғада бірге алып жүретін жол жүгінің бар екендігі, не

жоқтығы көрсетіледі. Ол болған жағдайда оған қатысты жеке тұлға оны Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы бірге алып жүрмейтін жол жүгінде өткізу бойынша іс-әрекет жасайтын тауар орналасқан орындардың жалпы саны көрсетіледі. Қазақстан Республикасының кеден аумағына келу кезінде бұл мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден органдарын осы адамның мұндай тауарларды әкелу ниеті туралы хабарлауы ретінде қарастырылады. Мұндай мүлікті декларациялау тек жол жүгін алу кезінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

13. "Тауарлардың бар-жоқтығы туралы мәліметтер" деген 3-бөлімде халықаралық заңнамаға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша түрде міндетті декларациялауды талап ететін тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте мыналар көрсетіледі:

3.1 - тармағында:

1) оларға қатысты Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес шектеулер немесе оларды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету шарттары белгіленген валюта мен валюталық құндылықтар туралы;

2) оларға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасын кеден шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібін белгілейтін жеке зергерлік бұйымдарды қоспағанда, кез келген түрдегі және жағдайдағы қымбат бағалы металдар (атом, күміс, платина және платина тобының металдары, атап айтқанда, палладий, иридий, радий, рутений, осмий), сондай-ақ қымбат бағалы тастар (алмаздар, лағылдар, зүбәржаттар, сапфирлер және александриттер) және меруерттер туралы мәліметтер;

3.2 - тармағында:

1) қарулар, яғни тірі немесе өзге де нысаналарды жою үшін, белгі беру үшін әдейі арналған қондырғылар мен заттар туралы;

2) оқ-дәрілер, яғни нысананы жоюға арналған және жару, лақтыру, пиротехникалық немесе шығару зарядтары, не олардың құрамдастары бар қару-жарақ және металл жабдықтары заттары туралы;

3) жарылғыш заттар, яғни әр түрлі бытыра, пироксилин, нитроглицирин, нитрогликол, динамит, тротил және басқа сыртқы импульстің (соққының, детонацияның, жылудың және басқа да әсердің) әсерімен газ тәріздес өнімдер құрай және жылу бөлу отырып үлкен жылдамдықпен химиялық реакцияға (жарылысқа) тарауға қабілетті химиялық қосылыстар мен қоспалар туралы мәліметтер;

3.3 - тармақта:

1) синтетикалық немесе табиғи есірткі құралдары мен психотроптық заттар (

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, олардың прекурсорларының тізбесіне енгізілген препараттар, өсімдіктер), сондай-ақ оларға ұқсастар туралы мәліметтер;

3.4-тармақта - мәдени құндылықтар туралы, атап айтқанда:

1) тарихи құндылықтар, оның ішінде халықтар өміріндегі тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына, ғылыми мен техниканың тарихына байланысты, сондай-ақ аса көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи құндылықтар туралы;

2) археологиялық қазбалардың нәтижесінде алынған заттар мен фрагменттер туралы;

3) көркем құндылықтар, оның ішінде:

1. кез келген материалды пайдалана отырып кез келген негізде қолдан дайындалған картиналар, полотналар, суреттер, икондар (қолмен көркемделген сызбалар мен өнеркәсіптік бұйымдарды, халық қолөнері заттары мен сувенирлік бұйымдарды қоспағанда);

2. кез келген материалдан жасалған түпнұсқалық скульптуралық шығармалар;

3. діни сенімінің көркемдік заттары;

4. гравюралар, эстамптар, литографиялар мен олардың түпнұсқалық баспа нысандары;

5. жаппай және сериялы шығарылатын заттарды қоспағанда кез келген материалдан жасалған әсемдік-қолданбалы өнер шығармалары;

6. архитектуралық, тарихи, көркем ескерткіштер мен монументтік өнер ескерткіштерінің құрамдас бөліктері мен фрагменттері;

7. жеке немесе жиынтығы, ерекше қызығушылық білдіретін (тарихи, көркем, ғылыми және әдеби) ескі кітаптар, басылымдар;

8. сирек қолжазбалар мен құжаттық ескерткіштер;

9. фото-, фоно-, кино-, бейне мұрағаттарды қоса алғанда, мұрағаттар;

10. бірегей және сирек музыка аспаптары;

11. жеке және жиынтықтағы почта маркалары, өзге де филотелиялық материалдар;

12. ескі тиындар, ордендер, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық заттар;

13. басқа да жылжымалы заттар, оның ішінде тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар көшірмелер, сондай-ақ мемлекет қорғауға алған тарихи және мәдени ескерткіштер;

14. жүз жылдан астам тарихы бар өзге де көне заттар туралы мәліметтер;

3.5 - тармақта:

баспа өнімдері, кино-, фото- және бейне материалдар, сондай-ақ мемлекеттік

және қоғамдық құрылысты бұзуға бағытталған, соғысты, терроризмді, нәсілшілдікті насихаттайтын материалдарды қамтитын, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы материалдарды қамтитын басқа да ақпарат тасығыштардың түрлері туралы мәліметтер;

3 . 6 - т а р м а қ т а :

1) адам организміне қатерлі, адам организміне ең аз бөлікте түскен жағдайда улануға немесе қайтыс болуға ұшырататын табиғи және синтетикалық заттар (мышьяк, цианисті калий, сулима, стрихнин және басқалар) туралы;

2) күйдіруге және организмді басқадай да зақымдауға қабілетті заттар (қышқылдар, улы сілтілер және т.б.) туралы;

3) Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін адамдар жол жүру кезінде тек жеке пайдалану үшін, не емдеу курсы жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегіндегі дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттар туралы мәліметтер;

3 . 7 - т а р м а қ т а :

изотоптары радиактивті химиялық элементтерді қамтитын заттар (технеций, прометий, полоний және Менделеевтің периодтық жүйесінде одан кейін келетін барлық элементтер) және нәтижесінде тірі организмдік үшін қауіпті дозаларда кез келген толқындық, корпускулярлық немесе электромагниттік сәулелері туындайтын иондаушы ажырауға қабілеттілігімен сипатталатын өзге де табиғи және синтетикалық заттар туралы мәліметтер;

3 . 8 - т а р м а қ т а :

флора мен фаунаның сирек коллекциялары мен үлгілері, минерология, анатомия және палеонтология сияқты ғылым салалары үшін қызығушылық білдіретін заттар, жойылып кету қауіпі төніп тұрған жабайы флора мен фауна объектілері, олардың бөліктері мен олардан алынған өнімдер туралы мәліметтер;

3 . 9 - т а р м а қ т а :

бір немесе бірнеше радио беруші, не қабылдаушы құрылғылардан тұратын техникалық құралдар немесе олардың жиынтықтары мен техникалық құралдарды , оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік органдардың тарапынан бақылауға жатпайтын ұялы байланыстың жеке жедел телефондарын қоспағанда 9 кГц асатын жиіліктер жұмыс істейтін қосалқы жабдықтар (радиостанциялар, радионавигация және радиоайқындағыш жүйелер, кабельді телевизия жүйелері және басқа да қондырғылар) туралы мәліметтер;

3 . 1 0 - т а р м а қ т а :

1) өндірістік немесе өзге де коммерциялық (кәсіпкерлік) қызметке арналған т а у а р л а р т у р а л ы :

2) өндірістік немесе өзге де коммерциялық (кәсіпкерлік) қызметке арналмаған, алайда олардың салмақтық, құндық және сандық шектеулері Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеңілдікпен өткізу нормаларынан асатын тауарлар туралы мәліметтер ;

3.11-тармақта (уақытша әкелу немесе әкету кезінде):

3.1 - 3.10-тармақшаларда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер;

3.12 - тармақта :

тауарлар ретінде әкелінетін (әкетілетін), не уақытша әкелінетін (әкетілетін) көлік құралдары туралы мәліметтер.

15. "Тауарлар туралы мәліметтер" 4-бөлімде:

4.1-тармақта - мүмкіндігіне қарай олардың ерекшелік белгілерін (олар дайындалған материалдар, түсі, пішіні, тауардың маркасы, салмағы және т.б.): өткізілетін тауарлардың мөлшері, тауарлардың құны (Қазақстан Республикасының валютасында немесе АҚШ долларында) көрсете отырып 3.2 - 3.11-тармақтарда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі;

4.2-тармағында көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі, бұл орайда шаршыларды мұндай көлік құралын өткізудің бағыты мен мақсаттарымен көрсету үшін толтырады.

16. Толтырылған декларация жасалған күні көрсетіле отырып декларанттың қолымен куәландырылады.

17. "Қызметтік белгілері үшін" бағанында кеден органының лауазымды адамы :

рұқсат беру құжаттарының нөмірлерін, берілген күнін және оларды берген органдардың атауын; бірге алып жүрмейтін жол жүгін ресімдеу туралы мәліметтерді; қоса берілген қосымша бланкілердің санын;

кеден төлемдерін немесе салықтарды есептеу кезінде кедендік кіріс ордерінің н ө м і р і н ;

көлік құралының уақытша әкелінуін ресімдеу кезінде "Көлік құралының кері әкету туралы міндеттеменің" нөмірін көрсетеді.

18. Декларацияға кез келген өзгерістер мен толықтырулар декларанттың қолымен және аталған кеден декларациясын қабылдаушы кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен куәландыруға жатады.

19. Декларация мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, ал кеден органының рұқсатымен - кеден органының лауазымды адамдары білетін басқа да тілдерде толтырылады.

4. Кеден органы лауазымды адамының жолаушылардың кеден декларациясын ресімдеуінің тәртібі

20. Жолаушылардың кеден декларациясында мәлімделген мәліметтердің сәйкестігін тексергеннен кейін кеден органының лауазымды адамы ветеринарлық, фитосанитарлық, экологиялық және басқа да мемлекеттік бақылау түрлеріне жататын тауарларға қатысты уәкілетті мемлекеттік органдар беретін және қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бұл тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу құқығын беретін рұқсат ету құжаттарының бар-жоқтығын тексереді.

21. Ұсынылған құжаттар туралы мәліметтер "Қызметтік белгілер үшін" бағанына енгізіледі.

22. Кеден органының лауазымды адамы куәландырған құжаттардың кеден мақсаттары үшін қажетті көшірмелері аталған декларацияны ресімдейтін кеден органында қалдырылатын жолаушылардың кеден декларациясына қоса беріледі.

23. Кеден органы лауазымды адамының кеден органдарының құзыретіне жатқызылатын мәліметтерді енгізуді қоспағанда, өз бастамасы, қандай да бір адамның тапсырмасы немесе өтініші бойынша декларацияны толтыруға, онда көрсетілген мәліметтерді өзгертуге немесе толықтыруға құқығы жоқ.

24. Кеден органының лауазымды адамы толтырылған декларацияда "Қызметтік белгілер үшін" 3.1 және 4.1-бағандарындағы жазбаларды шектейді (айналдырып сызады). Айналырып сызу декларацияға ол ресімделгеннен кейін мүмкін болатын қосымша жазбаларды болдырмайтындай етіп жүргізіледі. Осы мақсаттарда жазбалардың арасындағы бос орындар мен осы бөлімдердегі бос бағандарды кеден органының лауазымды адамы тұтас сызықпен сызып тастауы т и і с .

3.1 және 4.1-бағандарындағы айналырып сызылған жазбалар кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

"Қызметтік белгілер үшін" бағанында, "М.О." нышандарымен белгіленген шаршыға декларацияны қабылдаған және тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрі мен қолы қойылады.

25. Қабылданған декларация ресімделген сәттен бастап заңды күші бар құжат болады.

26. Жолаушылардың кеден декларациясының бір данасы кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін декларантқа қайтарылады, ал екіншісі - қоса берілген құжаттармен бірге кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының іс қағаздарында декларация ресімделген сәттен бастап бес жыл бойы сақталады.

5. Кедендік бақылау жүргізудің тәртібі

27. Техникалық құралдарының көмегімен (оларды пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда) қол жүгі мен бірге алып жүретін жол жүгіне кедендік бақылау жүргізілгеннен кейін кеден органының лауазымды адамы ауызша сұрау беруді жүргізеді және қажет болған жағдайда қол жүгі мен жол жүгін тексеру жүргізіледі. Бұл орайда кедендік тексеру іріктемелі түрде жүргізілуі мүмкін.

28. Тексеру кезінде жолаушылардың кеден декларациясында мәлімделген мәліметтердің тауарлардың іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкестігі және толықтығы тексеріледі.

29. Оларға қатысты жүк кедендік декларацияны пайдалана отырып кедендік ресімдеу, сондай-ақ олардың кедендік ресімделуі кеден органдарына тауарлар ұсынылғаннан кейін рұқсат ету құжаттарының немесе төлеуге жататын кеден төлемдері мен салықтарды төлеу мүмкіндігінің болмауы себебі бойынша аяқталуы мүмкін болмайтын тауарлар оларды өткізуші тұлғаның таңдауы бойынша :

1) дереу Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге өздеріне қайтарылады ;

2) уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады;

3) баратын кеден органында кейіннен кедендік ресімдеу үшін ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша тауарларды жеткізу шарттары сақтала отырып баратын кеден органына дейін жеткізіледі.

6. Қорытынды ережелер

Белгіленген ережелерді бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеліп соқтырады.

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау комитеті
төрағасының
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 219 бұйрығымен бекітілген
Тауарлар мен көлік құралдарын
Қазақстан Республикасының кеден
шекарасы арқылы оңайлатылған
немесе жеңілдетілген тәртіппен
өткізу кезінде жолаушылардың
кеден декларациясын
ресімдеудің ережесіне

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 25 шілдедегі N 278 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он жұмыс күні өткен соң күшіне енеді) .

ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

- * 16 жасқа толған адамдар толтырады.
* Қажетті жауап тиісті қоршауда Х белгісімен белгіленеді.
* Уақытша келудің/кетудің барлық кезеңінде сақталады және қайтарылған кезде кеден органына ұсынылады.

келу	П	кету	П	транзит	П	1. тұлға	П	туралы	П	мәліметтер:	П
		тегі					аты			экесінің аты	
		тұрғылықты тұратын елі					азаматтығы			төлқұжаты	

қандай елден келді қандай елге барады (баратын елі (жөнелту елі көрсетіледі) көрсетіледі)

Өзіммен бірге кәмелетке толмаған балалар бар П П
Иә Жоқ Саны _____

2. Жол жүгінің бар-жоқтығы 2.2. Бірге алып жүрмейтін жол жүгі (жүкке ілеспе туралы мәліметтер жол жүгі (жүкке ілеспе құжаттары бойынша) құжаттары бойынша)
2.1 Қол жүгін қоса алғанда бірге алып жүретін жол жүгі
П П П П
И ә Ж о қ И ә Ж о қ

Орындардың саны _____

Орындардың саны _____

3. Тауарлардың бар-жоқтығы туралы мәліметтер:
Өзімде және менің жол жүгімде міндетті декларациялауды талап ететін тауарлар бар :

3.1 Уақытша әкелінетіндерді (әкетілетіндерді) қоспағанда ұлттық және қолма-қол валюта, валюталық құндылықтар, қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған кез келген түрдегі және жағдайдағы бұйымдар

П П
И ә Ж о қ

Валютаның, құндылықтардың немесе бұйымдардың	атауы	Сомасы/саны
	Цифрлармен	Жазумен

3.2. Әр түрлі қарулар, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар

П П
И ә Ж о қ
Иә Жоқ

3.8. Флора мен фауна объектілері, олардың бөліктері мен олардан алынған өнімдер

П П

3.3. Есірткі құралдары, психотроптық заттар

П П
И ә Ж о қ
Иә Жоқ

3.9. Жоғары жиілікті радиоэлектрондық құрылғылар

П П

3.4. Мәдени құндылықтар

П П
И ә Ж о қ

П П

И ә Ж о қ

3.5. Баспа басылымдары және басқа да ақпарат тасығыштар

П П
Иә Жоқ Иә Жоқ

3.10. Кеден төлемдерін салуға жататын тауарлар

П П

3.6. Улы және күшті әсер ететін заттар

П П
И ә Ж о қ

3.11. Уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар

П П

И ә Ж о қ

3.7. Радиактивтік материалдар

П П
Иә Жоқ Иә Жоқ

3.12. Көлік құралы

П П

* Кедендік бақылау мақсатында 3.2 - 3.12-тармақтарында көрсетілген тауарлар туралы, олар болған жағдайда нақты мәліметтерді декларацияның сыртқы жағында 4-тармақта көрсету қажет.

4. Тауарлар туралы мәліметтер:

N Тауардың атауы және басқа р/б да ерекшелік белгілері	Мөлшері	Ұлттық валютадағы немесе АҚШ \$ құны
---	---------	--------------------------------------

2-қосымша

ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ ҚОСЫМША ПАРАҒЫ

(кеден декларациясы негізгі парағының 3.1.; 4.1-бағандарына сыймаған тауарлар туралы мәліметтер)

Тұлға туралы мәліметтер:

_____ | _____ | _____
тегі аты әкесінің аты

Тауарлар туралы мәліметтер:

Валютаның, құндылықтардың | Сомасы/саны
немесе бұйымдардың атауы |

_____ | Цифрлармен | Жазумен

3.2 - 3.11-тармақтарында көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер:

N |Тауардың атауы және басқа| Мөлшері |Ұлттық валютадағы
р/б|да ерекшелік белгілері | |немесе АҚШ \$ құны

_____ | Цифрлармен | Жазумен |

Жалпы құны (жиынтығы):

" _____ " _____ 200__ж. Қолы _____

Қызметтік белгілер үшін:

Ж е к е
н ө м і р л і к

мөрі

М.О.